# 1 ЖЕЛТОҚСАН – ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ


Сыр бойы

30 қараша сенбі 2013 жыл №179-180 (18678-18679) Қызылорда облыстық газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады www.syrboyi.kz


# ТАРИХИ МАҢЫЗ ИЕЛЕНГЕН МЕРЕКЕ



Биыл екінші рет тойланатын 1-желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесі тарихи маңызға ие оқиғаның бірінен саналады. Өйткені, бұл мереке «Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің негізін салушы Тұңғыш Президенттің орасан зор үлесін ескере отырып» қабылданған. Бұл заңды қабылдау кезінде ел Парламенті «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің бірлігін, Конституциясын, адам мен азаматтардың құқықтарын және бостандығын қорғауды қамтамасыз еткен жаңа тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаушы болып табылады. Елбасы Н.Назарбаевтың жетістіктері Қазақстан халқының орасан зор шынайы құрметі мен сеніміне ие болды. Осыған орай аталған заңның қабылдануы арқылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Республикаға сіңірген зор ғаламат еңбегі танылады. Заңды қабылдау мемлекетіміздің азаматтарының отаншылдық рухын арттыра түседі» деп атап көрсеткен еді. Бұл мереке – Қазақстанның Тұңғыш Президентінің құрметі үшін ғана емес, президенттік басқарудың тәуелсіз Қазақстан тарихындағы маңыздылығы ескеріле отырып қабылданғанын да атап өтуіміз керек. Мемлекеттік мерекенің ел тарихын айқындаған оқиғаның құрметі үшін аталып өтілетіндігі де осыдан. Бұл күнді мерекеге айналдыру арқылы сол бір күннің маңыздылығын тағы бір еске аламыз, жаңа деректермен танысамыз, мерекелік көңіл-күйде боламыз.

Тәуелсіздік тарихының парақтарын ақтарып көрсек те, еліміздегі президенттік басқарудың тиімді болғанын, президенттік басқарудың ілкімділігінің арқасында ғана жаппай ыдыраудың алдында тұрған, алғашқыда тәуелсіздігіміз сөз жүзінде ғана болған, яғни терең құздың тұсына келген елді қазіргідей деңгейге жеткізу мүмкін болғандығы әбден дәлелденді. Сондықтан да президенттік басқаруға алғашқы жол салған, сол күні бүкіл халық болып ел тізгінін өзінің Тұңғыш Президентіне сеніп тапсырған бұл күн ел тарихындағы маңызды оқиғаға айналды. Бұл күн осынысымен де тарихи маңызға ие болды. Бұл күнді әсте де ұмытуға болмайды.

Бұл күні 1991 жылы 1 желтоқсанда қазақстандықтар өздерінің Тұңғыш Президентін сайлады, ел тәуелсіздігін аманат етті, оған сенім артты, жауапкершілік жүгін арқалатты, халық өздерінің Көшбасшысынан не істеу керектігін білетіне, елді адастырмайтынына, тура жолға бастайтынына сенді.

1991 жылғы 1 желтоқсандағы Президент сайлауының нәтижесінде сайлаушылардың 97,78 пайыз дауысына ие болып, айқын жеңіске жетіп 10 желтоқсанда ант беру рәсімі кезінде тебірене сөйлеген Елбасы Н.Назарбаев: «Бүгінгі күн – қазақ елінің шежіресіне мәңгі енетін күн. Тарихтың талай бұралаң белесінен өтіп, бұл күнге де жетіп отырмыз. Бәрін де көрген халықпыз, бәріне көнген халықпыз. Ежелден еркіндікті аңсап, азаттықты көксеп келе жатқан еліміздің басына талай рет бақ та орнап, бағы да тайып, сағы да сынған, қилы кезең, зар заманға да талай ұшыраған. Айқайлап жүріп, ашаршылыққа ұрынып, ұрандап жүріп ұлт мүддесін ұмытқанымыз да ақиқат. Шүкір, кештеу болса да ес жиып, еңсе көтеріп, егеменді елдің туын да тіге бастадық. Қазақ Республикасының Президентін бүкіл халық сайлағаны – осы жолдағы ең биік белестің бірі. Елдің қамын ойлайды, намысын жібермейді деп бір ауыздан сенім артқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын. Елім үшін, халқым үшін, Қазақстаным үшін тарихтың қай сынағына да тәуекел деп бас тігуге дайынмын. Бұл жолда ең алдымен дана халқыма, дарқан еліме, ата-бабамның аруағына сүйенемін»,-деп ағынан жарылды. Тарихтың сол бір бұлтарысты кезеңінде өз Көшбасшысын дұрыс таңдай білген қазақстандықтар да өздері сенім артқан Ердің елді адастырмай дұрыс бағытқа жетелегеніне бүгінгі күні көздері жетіп те отыр. Халықтың басым көпшілігінің сол кезеңде қателеспегеніне қазір шүкіршілік те етеміз. Бұл күн осынысымен де қадірлі.

3-бет

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТКІЗІЛЕТІН МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ШАРАЛАР

1. «Елбасы және Ел мұраты» атты студенттер мен мектеп оқушылары арасында ақындар айтысы. 30 қараша сағат 11.00. А.Тоқмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйі
2. Тұңғыш Президент күніне арналған қала жастарының автокөлік шеруі. 1 желтоқсан сағат 10.00. Тұңғыш Президент саябағынан Орталық алаңға дейін.
3. «Бір ел! Бір тағдыр! Бір Көшбасшы!» атты мерекелік концерттік бағдарлама. 1 желтоқсан сағат 11.00. Орталық алаң.
4. «Ұлт тірегі – Елбасы» атты мерекелік-мәдени іс-шара. 1 желтоқсан сағат 11.00. Абай ауылдық мәдениет үйі.
5. «Елді асқақтатқан ұлы тұлға» атты мерекелік концерт. 1 желтоқсан сағат 11.00. Қызылөзек ауылдық клубы.
6. «Елбасы мұраты – ел бақыты» атты мерекелік іс-шара. 1 желтоқсан сағат 12.00. Ақжарма ауылдық клубы.
7. «Елінің болашағын ойлаған Елбасы» атты ауыл жастарымен кездесу кеші, мерекелік концерттік бағдарлама. 1 желтоқсан сағат 11.00. Қызылжарма ауылдық клубы.
8. Мемлекеттік қызметкерлер арасында үлкен теннистен жарыс. 1 желтоқсан сағат 12.00. «Нұрсәт» теннис орталығы.

## ТӨЛ БАСЫЛЫМЫН ТӨРГЕ ОЗДЫРҒАН ҚАЗАЛЫЛЫҚТАР



Жазылу мерзімінің басталғанына көп уақыт өткен жоқ. Алайда ауданда 2014 жылдың І жартыжылдығына «Сыр бойына» 3500 адам жазылып үлгерді. Қалыптасқан дағдымен қазалылықтар бұл жолы да ұйымшылдық танытты. Ең қуаныштысы, оқырмандардың арасында тек бюджеттік қызметкерлер ғана емес, жастар, кәсіпкерлер, қоғамдық ұйымдардың өкілдері, депутаттар да баршылық. Белсенді оқырмандарымыздың қатарынан білім (басшысы Ерболат Қалнияз, әдіскер Сейілхан Бердібекұлы), мәдениет бөлімі (Толыбай Жүсіп), денсаулық саласы (басшылары Серік Ізбасов, Қуаныш Әзіров, Құбыл Ршымбетов, облыстық мәслихат депутаты Құлпыбай Ысқақ), ішкі істер бөлімі (Алмас Бегалиев, Шынтас Бекетов), орталық кітапхана (Мамық Үржанбекова), «Мусаев» базары (Айгүл Мусаева, Ұрқия Ахметова), Оразғали Бекбанов басшылық жасайтын ардагерлеріміздің үлкен шоғырын, Шынар Жеңсікбаева жетекшілік жасайтын «Шапағат» мүгедек балаларды сауықтандыру орталығының ұжымын, Әліби Әбиев бастаған аудан кәсіпкерлерін, облыстық мәслихат депутаты Самұрат Имандосов басқаратын «Рза» АҚ, аудандық мәслихат депутаты Мнажадин Өтеевтің «Сыр маржаны» ЖШС ұжымдарын кездестіресіз.

Теміржолшы оқырмандарымыздың көшін аудандық мәслихат депутаты Нұрлан Әлмағамбетов басқаратын «Локомотив жөндеу» зауыты бастап тұр. «Экономикамыздың тірегі» атанған осынау теміржолшылар аудандағы кез келген жаңалықтан қалыс қалмайды.

Газет-журналдың таратылуымен ауданда негізінен «Қазпошта» мекемесі айналысады. Аудандық пошта байланыс торабы (басшысы Жайлаубай Нұрбаев, баспасөз нұсқаушысы Әлияш Шманова) көпшіліктің сеніміне селкеу түсірмеуге тырысады. Әрі жемісcіз емес.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Қазалы ауданы.


Сыр бойы газетіне 2014 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр

**Басылымның алты айға жазылу бағасы**: жекелер үшін – 2750, мекемелер үшін – 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін – 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.




# ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӘЖІ БОЛҒАН АСТАНА

**Тәуелсіз Қазақстанның болашақ тағдырын айқындаған кезеңдердің бірі – астананың Сарыарқа төсіне ауысқан кезі. Елбасының бас қаланы Ақмолаға көшіру туралы идеясы салған жерден іске асты деуге болмайды. Елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың әлі оңала қоймаған тұсында астананы ауыстыру бастамасы қоғамнан бірден қолдау таппады. Бірақ Елбасының табандылығы арқасында Арқа төсінде әсем шаһар бой көтерді. Бүгінде "Астана, Елбасы, Тәуелсіздік" ұғымдары бір-бірімен қабысып кетті.**

Астана Астана болғалы қазақтың киелі төрі адамзат баласын бейбітшілік пен келісімге, түсіністік пен толеранттылыққа үндейтін әлемдік деңгейдегі шаралардың орталығы болды. Салтанаты келіскен зәулім сарайлар, сәулетті үйлер де Астананың көркін айдай әлемге танытты.

1994 жылдың 6 шілдесінде ҚР Жоғарғы Кеңесі сессиясында Президент алғаш рет еліміздің астанасын басқа қалаға ауыстыру туралы нақты идеясын ұсынды. Осы бір кезең туралы естеліктердің бірі былай дейді:

«Астананы көшіруді Қазақстанның жаңа талпынысының бір белгісі деп қарадым. Қаныш Сәтбаевтың айтқан сөзін де ескердім. Кейбір ақпарат құралдарына ұсыныс жасадым: «Осыны айтайықшы, жазайықшы, ел не дер екен?» деп. Әуелде ел онша елеңдей қоймады. Депутаттармен де сөйлестім. Олар да қозғала қоймады. Алматыға қарасақ, жағдай анау. Таудың қуысына сыймай отырған қала, қыс ауасы көк түтін. Былай қарай шығайын десең, Қаскеленге тірелесің, мына жағында Талғар. Баяғыда Ақмешіттен көшіп келгенде Іленің бойына жаңа қала салмақ болған, вокзалының орнына дейін бар. Өте жақсы идея, бірақ жүзеге аспай қалған. Сонан болашақ астана бола алатын жерлерді қарастыра бастадым. Ел ортасы – Жезқазған. Жер жағдайы онша емес. Қарағандыны да, Көкшетауды да қарадық, айналып келгенде Есілдің бойында тұрған баяғы Геродот айтатын Батыстан Шығысқа баратын жолдың бойында жатқан Ақмолаға тоқтадық».

Астананы Арқаға көшіру Қазақстанның тәуелсіз ел ретінде өз бетінше жасаған алғашқы батыл қадамы болуымен де құнды еді. Бүгінде тоғыз жолдың торабында, Еуропа мен Азияның тоғысқан жерінде, Ұлы Жібек жолының күретамырында бой көтерген Астана Елбасымыздың бастамасымен ғасырлар тоғысында дүниеге келген ғажайыптардың бірі екеніне ешкім дау айта алмайды.

Қазақ тарихында Арқа Әз Тәуке ханның жаз жайлауы болғаны айтылады. Халқымыздың басына бұлт үйірілген кер замандарда елдің болашағы үшін жаны күйген батырлар мен билер, хандар мен қайраткерлер Ақмола төңірегінде Ұлытауда, Қарқаралыда, Қараөткелде жиі-жиі бас қосып, азаттық үшін ұлы күресте елді болашаққа бастаған. Тағы бір дерек, ХХ ғасырдың 50-жылдары ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев Ғылым Академиясының ғимаратын Ақмоладан салу туралы батыл пікір білдіргенін айғақтайды.



Ақ патшаның маусым жарлығына қарсы ұлт-азаттық көтерілістің Ақмола жерінде болғаны белгілі. Азаттық жолындағы күрестің ордасы болған Ақмола жері бүгінде азат Қазақстанның ақ ордасына айналды.

Жаңа Астананы тұрғызу 1995 жылдың аяғынан басталып кетті. Есіл өзенінің оң жағалауындағы қала біртіндеп сол жағалауға қарай қоныстанды. Қала алып құрылыс алаңына айналды. Астананың бас жоспарын жасауға Н.Назарбаевтың басшылығымен әлемдік сәулет өнерінің атақты шеберлері қатысты. Олар – әлемге әйгілі жапон сәулетшісі Кисе Курокава, қазіргі заманның ұлы сәулетшісі, ағылшын Норман Фостер, итальяндық шеберлер Манфреди Николетти мен Максимильян Фуксас еді.

Бас қаланың тарихындағы айтулы күндер ел есінде мәңгі қалды. 1997 жылдың 20 қазанында «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы етіп жариялау туралы» Жарлық шықты, онда 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болатыны, ал астананың ресми тұсаукесері 1998 жылдың 10 маусымында өткізілетіні айтылды. Сол жылы жаңа астанаға еліміздің рәміздерін көшірудің салтанатты рәсімі болды. Астанада бірінші ашылған ескерткіштің саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналуы халқымыздың өткенге салауат, ертеңге аманат айтатын дәстүрін ұлықтады. 1998 жылдың 6 мамырында Президент «Ақмола қаласының Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы болып өзгертілгені туралы» Жарлыққа қол қойды. 1998 жылдың 10 маусымында астананың ресми тұсаукесері болды.

Міне, содан бері бұл қала заманауи тұрпатты, сән-салтанаты келіскен ғажайып шаһарға айналды. Күн санап көркейген қала экономикалық және саяси жаңғырулардың ғана емес, мәдени-рухани өміріміздің орталығына айналды.

Бүгінде халқымыз «Астана – Елбасының ерен ерлігі» дейді. Тәуелсіз мемлекетіміздің жаңа астанасын қалыптастырудағы Елбасының еңбегіне халқы осындай баға берді. Елбасының өзі "Астана, бұл – менің төл перзентім. Әр адам, тегінде, өз қаласын сүйетін шығар. Ал, біз, астаналықтар өзіміздің жас қаламызды үш есе артық сүйеміз, өйткені, біз оның құрылысын тақыр жерден бастадық. Мұндағы әрбір жаңа мүйіс, әрбір жаңа ғимарат біздің жүрегімізден шыққан, өйткені олар туған сәтінен бастап біздің көз алдымызда» деген еді.

Президент қаламынан туған «Қазақстан жолы» атты кітапта «Жаңа дәуірдің жаңа астанасы» деп аталатын бөлім бар. Онда "Астана Еуропа мәдениетінен – прагматизмді, ал, Шығыстан рухани дәлдікті мұра етіп алады. Таяу болашақта Астана Қазақстан Республикасының ірі саяси, мәдени және іскерлік орталығы, осы заманғы қаласы болады» деген жолдарға кезігесіз.

Арада аз уақыт өткен соң Астана шынымен де тәуелсіз Қазақстанның бойтұмарына, әр қазақтың жүрегінен орын алған байтағына айналды. Өйткені миллиондаған қазақстандықтардың арманы Астанада орындалуда.

**Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.**

# ДАРА ТҰЛҒАҒА АРНАЛҒАН ДӘРІС

Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету бөлімінің конференц-залында «Менің Президентім» атты тақырыпта ашық лекция тыңдалды. Бұл шараға қаладағы мемлекеттік органдар мен кәсіпорын өкілдері, үздік оқитын жоғарғы сынып оқушылары, мектеп директорларының орынбасарлары, «Нұр Отан» партиясы Байқоңыр филиалының Саяси Бюро мүшелері қатысты. Лекцияда Нұрсұлтан Әбішұлының өмірбаяны, қызметі туралы айтылды.

Тәуелсіздікке ие болған жиырма жылдан астам уақыт ішінде республика Президентінің жетекшілігімен ауқымды экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалар жүзеге асырылды. Елбасы халықты орасан зор істерге жұмылдырды, қоғамдағы татулық пен келісімді нығайту ісінде әлем тәлім аларлық саясат ұстанды. Еліміздің сыртқы саяси бағытын дәл нұсқап, тұңғыш рет қазақ мемлекетінің шекарасын айқындады, төрткүл дүниеге тең терезелі ел ретінде мойындатты. Міне, сондықтан да әлемнің маңдайалды саясаткерлері Президент Нұрсұлтан Назарбаевты Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаушы және бүкіл халықаралық қоғамдастықтың ризашылығы мен құрметіне ие болған жаһандық, өңірлік бейбіт бастамалардың авторы ретінде таниды. Қазақ жұрты еліміздің өтпелі кезеңіндегі қиындықтар мен сынақтарды еңсеріп, саяси және әлеуметтік-экономикалық сілкіністерге ұшырамай, дербес дамудың ілгерілеу мен өркендеу жолына шығуына Мемлекет басшысының жан-жақты сараланған ішкі және сыртқы саясаттағы көрегендігінің басты рөл атқарғанын жақсы біледі.

Жиын соңында «Нұр Отан» партиясы Байқоңыр филиалы төрағасының бірінші орынбасары А.Мәуленов барша жиналған қауымды 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мемлекеттік мерекесімен құттықтап, бірқатар партия мүшелерін Елбасының саяси бағытын қолдауда қосқан үлесі үшін марапаттады.

**Ертай ЖҰМАҒАЗИЕВ, «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі қызметін қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.**

**«Мұз айдыны» спорт кешенінде республикалық «Ризашылық» қайырымдылық мерекесі болып өтті. Салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова қатысты.**

# ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Бұл мереке 2009 жылдан бері «Бөбек» қайырымдылық қорының бастамасымен барлық жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарында өткізіліп келеді. Шараның мақсаты балаларға қуанышты отбасылық мереке сыйлау, оларды ересектер ықыласына, махаббатына және жүрек жылуына бөлеу болып табылады. Сондай-ақ, бұл мереке әртүрлі жастағы балаларды үйлесімді, адамгершілік-рухани жағынан дамытуға және шығармашылық қабілеттерін жан-жақты жетілдіруге бағытталған.

Мерекеде Балалар үйі, облыстық кәмелетке толмағандарды бейімдеу және жас жеткіншектерді әлеуметтік бейімдеу орталықтарының 100-ге жуық тәрбиеленушілері спорттық үлгідегі киіммен би билеп ән салды. Салтанат сахнасына көтерілген облыс әкімінің орынбасары Ақмарал Әлназарова жеткіншектерді мерекемен құттықтап, жылы лебізін жеткізді және аталған балалар ұйымдарына биылғы жылы облыс әкімінің қолдауымен және демеушілердің көмегімен алынған кіші жастағы тәрбиеленушілерге арналған «Денсаулық калейдоскопы», орта жастағыларға «Көңілді бумеранг» (теннис үстелі, ракетка, доптар), «Әсемдік және денсаулық бұрышы» (турник, гимнастикалық сақиналар мен әткеншектер) спорт жинақтары мен жұмсақ ойыншықтар сертификаттарын табыстады.

Бұл күні балаларға көңілді отбасылық мереке сыйлап, өздерінің жан жылуымен бөліскен бірқатар мекемелер де болды. Олар №20/19 шекарашылар бөлімі, «Игілік» КҚ, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі», «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «ПетроҚазақстан Құмкөл Рессорсиз» АҚ, «Броунис» кондитерлік орталығы. Сонымен қатар, жергілікті спорт саңылақтары да балғындар қуанышына ортақтасты. «Сейхун» гандбол командасы мен «Қайсар» футбол командасы, Сыр елінің мақтанышы дзюдодан әлем чемпионы Бауыржан Жауынтаев жеткіншектерге ыстық ықыластарын білдіріп, мерекемен құттықтады.

Салтанатты шара көңілді эстафеталық ойындармен жалғасты.

**Айнұр БАТТАЛОВА.**

# ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАҒАН КӨШБАСШЫ

**Облыс бойынша экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (қаржы полициясы) департаментінің ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай салтанатты шара өткізілді.**

Салтанатты шараны ашқан департамент басшысы Мақсат Қожабаев биыл еліміз екінші рет Тұңғыш Президент күнін атап өтіп отырғандығына тоқталды. Бұл қазақстандықтар үшін өте маңызды оқиға. Өйткені, халқы шын мәнінде өз Президентін мақтаныш етеді. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қарқынды дамуы мен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде және бәсекеге қабілетті мемлекетті құруда орасан зор еңбек сіңірді. Сондай-ақ, Елбасы өңірлік және ғаламдық қауіпсіздікке көп үлес қосып, бүкіл әлемге танылған беделді тұлға. Осындай ұлт көшбасшысы, бүгінгі заманның көрнекті мемлекет және саяси қайраткері Елбасымен қазақ елі қалай мақтанса да болады.

Жиын барысында сөз алған «Нұр Отан» ХДП облыстық филиал төрағасының бірінші орынбасары Өлмесхан Болатбеков пен Жаңақорған ауданы Сунақ ата ауылдық округінің әкімі Әзия Қыстаубаева және «Болашақ» университетінің тәрбие жұмысы және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры, саяси ғылымдар кандидаты Мұрат Насимов Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың ел алдында жасаған еңбегі туралы кеңінен әңгімеледі. Расында, еліміз тәуелсіздігін алған 22 жылда небір кезеңдерді бастан өткерді. Соның бірі кешегі одақ ыдыраған тұста нарықты экономика елді есеңгіретіп жіберді. Зауыт, фабрикалар жұмысын тоқтатып, жұмыссыздар қатары көбейді. Еңбекақы, шәкіртақы мен зейнетақы секілді төлемдер уақытылы берілмеді. Тұтынушылар рыногы босап қалды. Елдің осындай тығырыққа тірелгенін көре білген Елбасы алдымен экономиканы дамытуға күш салды. Онысы жеміссіз де болған жоқ. Оның үстіне елімізге қуатты инвесторлар да тартылды. Сөйтіп, Қазақстан өзіндік өсіп-өркендеу жолына түсті. Әлемдегі беделді халықаралық ұйымдардың мүшесі болды. Сондай-ақ, Қазақстан ядролық қарудан бас тартқан әлемдегі алғашқы ел атанды. Елімізде бұған дейін іске асып көрмеген ғасырдың небір ғаламат жобалары да жүзеге асырылды. Осының бәріне еліміздің егемендік алуы мен оның көшбасшысы Елбасының қажырлы еңбегі арқасында мүмкін болды. Мұны сырт көз де көрмей қалмады. Экономикасы өрге басып, елдің саяси тұрақтылығы мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген Қазақстанды, оның Президенті Нұрсұлтан Назарбаевты бүкіл әлем мойындады.

Жалпы салтанатты шара барысында ҚР Тұңғыш Президенті күніне орай бірқатар сала қызметкерлері департамент басшылығы мен «Нұр Отан» ХДП облыстық филиалының Алғыс грамоталарымен марапатталды. Соңынан шараға қатысушылар Тұңғыш Президент туралы түсірілген деректі фильмді көріп, тамашалады.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**

# ТАРИХИ МАҢЫЗ иеленген мереке







Бұл күн сонымен қатар Қазақстанның өзіндік дамуы жолының алғашқы бастамасы да болатын. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстанның өзіндік даму жолын таңдауы туралы бастамасы алғаш рет 1992 жылы мамыр айында «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында» жария етілді. Тәуелсіз еліміздің бағытын айқындауда, оқиғаны болжап білуде, түпкі мақсатқа қол жеткізуге сенімді болуға мүмкіндік беретін Қазақстан қоғамы дамуының айқын және нақты стратегиясының қажеттігін баса көрсеткен Елбасы Н.Назарбаев аталған еңбегінде мемлекет алдында қойылып отырған нақты стратегиялық мақсаттарды белгілеп берді. Мемлекет басшысы еліміздің саясат саласындағы басым бағыты жас егеменді мемлекеттің күшті президенттік республика құру бағытында болу керектігіне назар аудартты. Стратегияда «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігінің дамуы президенттік басқаруды іс жүзінде іске асыруды қамтамасыз етумен қатар жүретіндігі, Республика Президентінің Мемлекет басшысы ретінде тиімді басшылық жүргізу үшін барлық қажетті тұтқаларға ие болуы керектігі, оның Үкіметті басқара отырып, жоғары атқарушы биліктің жұмысымен байланысты мәселелерді шешіп, үкіметте кадрлық тағайындауларды жүргізіп, үкімет пен оның мүшелерінің жауапкершілігін белгілейтіндігі» атап көрсетілді. Президенттік басқару туралы айтылған бұл бастама өзінің қажеттілігін сол жылдарыақ көрсеткен болатын.

Президенттік басқару нысанындағы Мемлекет басшысының мәртебесі оның елдегі барлық жағдайды өз қолында ұстауына, қандай да бір мәселеден туындаған ахуалды меңгеруіне, осылайша мемлекеттік билік органдарының үйлесімді қызмет етуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етуге, сонымен бірге қоғамды ойдағыдай және түпкілікті реформалауға мүмкіндік берді. Республика Президентінің халық пен мемлекеттік билік бірлігінің, Конституцияның мызғымастығының, адам және азамат құқықтары мен бостандықтарының нышаны әрі кепілі болуы да көп ұлтты және көп дінді, сонымен бірге үдемелі әлеуметтік жіктеліс жүріп жатқан өтпелі кезеңнің қайшылыққа толы уақытында қоғамда азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімнің сақталуында орасан зор қызмет атқарды.

Президенттік басқару нысаны мемлекеттік биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот билігі тармақтарының ара жігін ажыратудың конституциялық міндетін икемді шешіп берді. Бір жағынан билік тармақтарының өзара тығыз ынтымақтастығы қамтамасыз етілсе, екінші жағынан олардың Конституция мен заңдарда белгіленген өзара тежегіш, бірінің өкілеттігіне екіншісінің араласуына жол бермейтін механизмі жасалды.

Билік тармақтары арасындағы билік бөлінісінің осылайша рәсімделуі, олардың бір-біріне қарсы тұруын және билік басындағы жекелеген адамдардың тайталасын болдырмау тетігін шешіп берді. Дәл осындай тайталас тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында көрініс тапқан болатын. Жаңа Конституция қабылданғаннан кейін парламенттік немесе үкіметтік дағдарыстардың орын алмағандығы да президенттік басқару нысанының тиімділігін дәлелдей түседі.

1-бет

Биліктің тұтастай және олардың тармақтары арасындағы тұрақтылығы ғана еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы реформаларды жүргізудің жоспарлығын, кезеңдерін, кейбір бағыттардың басымдығын дұрыс шешуге, бастауға және аяқтауға мүмкіндік берді. Президенттік басқару нысаны ғана билік пен қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз етіп, тәуелсіздікті нығайту мен экономикалық және саяси реформалар жүргізудің басты құралы бола алды.

Елбасы Назарбаевтың өз еліндегі өзіне сенім артқан халқына деген беделі тіпті ең бір қиын жылдардың өзінде де орындауға болмайтын нәрсе туралы ешқандай уәде бермегендігінен де арта түсті. Егер уәде берсе, орындады. Оның бойындағы туа біткен және өмірлік тәжірибемен бекіген төзімшілдігі, сабырлығы, ұстамдылығы Тұңғыш Президент- Елбасымыздың бүкіл қазақстандықтарды өзінің айналасына топтастыруға жағдай жасаған саясаткер және тұлға екендігін танытты.

Нұрсұлтан Назарбаевтың мемлекет басшылығындағы айрықша бір өзгешелігі халықаралық, ұлтаралық мәселелердің шиеленісін, шешуін асығыстыққа салмай, арандататын пікірлердің ығы мен ырқына жығылмай, әліптің аяғын баға сабырмен, уақыттың талабына, қазақстандық жолдың ерекшелігіне үйлестіре, жан-жақты мүдделердің түйісу нүктесін таба біліп шешуінде болды. Елбасы өзінің жетсем-ау деген саяси және ұлттық биік мақсаттарын әрдайым есінен шығармағы, соған жету үшін жақсы ұранды жамылып, жақсы атақ алуға қызықпады, қолдан келетін нақты мүмкіндіктерді ғана түгел пайдаланып, эволюциялық жолмен тұрақты жылжи бергенді дұрыс көрді, дамудың қазақстандық жолын іздестіріп, сол бағытта жүруді таңдады. Бірақ қазақстандық жол басқа жолдардың ешқайсысын да жоққа шығармайды, керек етсе қажеттісін де алады.

Нұрсұлтан Назарбаев тәуелсіздіктің бетбұрысты кезеңдерінде Мемлекет басшысы ретінде біліксіздікке, әсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін талдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұра алды, бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршең маңызы бар шешімдерді қабылдауға қол жеткізе білді. Елбасының өз сөзімен айтсақ «кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тура келді». Яғни, Елбасы Н.Назарбаев билік үшін күрестегі батылдық пен билік басындағы батылдықтың екі басқа екендігін өз ісімен дәлелдей білді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев тәуелсіз ел тарихында, оның өркенді дамуы жолында өте ауыр тиетін реформаларды тиімді жүргізді, қажет болған кезде қолайсыз төтенше шараларға дейін барды. Елбасының мұндай ұстанымына қарсы шыққандар да, тисе терекке, тимесе бұтаққа деп орынсыз сынағандар да болды. Бірақ, ол өзіне сенім артқан, жауапкершілік жүгін артқан халқына сенді, тек халықты ғана бас сарапшы деп таныды, ең қиын сәттерде тек халыққа ғана жүгінді.

Елбасының әлемдік деңгейдегі қабілет-қарымына, саяси іс-қимылына, тиянақты шешіміне, құрдымға кете бастаған экономиканы алға жылжыту жолындағы тиімді саясатына, уақыт талабына қарай ойластырылған әдіс-тәсілдеріне, стратегиялық ұстанымдарына қапысыз сенген қазақстандықтар өзінің тұңғыш Президентіне, тізгін ұстаған Елбасшысына әрқашан қолдау білдірді, қолдау білдіріп келе жатыр. Тізгіннің сенімді қолға тиюінің арқасында ел жаңарды, дәулетіміз толыса түсті.

Қазір тәуелсіз қазақ елінің тарихы жасалды. Бірақ оны қазақ елінің Көшбасшысы бола алған Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылы бүкіл халықтық сайлаудан кейін қолға алған басшылық қызметінсіз көзге елестету мүмкін емес. Өйткені, тәуелсіздік қарсаңындағы және тәуелсіздіктің сан қырлы соқпақты жылдарындағы оның тізгінін ұстаған Мемлекет Басшысы, оның тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басқарған қызметінсіз тәуелсіз ел тарихының парақтарын жазып шығу мүмкін де емес, Өйткені, бұл тарихта тәуелсіз еліміздің іргетасын қалап, керегесін керіп, оның әрбір уығын шаншып, шаңырағын көтерген, бар-жоғын түгендеп, іргесін кеңейткен, оны әлем елдері мойындаған мемлекетке айналдырған, онымен санасуға мәжбүр еткен Қазақстан Республикасының Президенті, оның Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолтаңбасы, қабылдаған тарихи шешімдері, ұстанған саясаты, саяси қызметі, өзіндік дара жолы жатыр.

Толқынды теңіздегі алып кеменің бағытын қолға алған мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың таңдауы бүгінгі таңда өзін толығымен ақтады. Аз ғана уақыт аралығында саяси тұрақтылық пен өркенді дамуға, ыдырау үрдісін еңсеруге, нарық экономикасының негіздерін қалыптастыруға, еліміздің бүгінгі дамуына сай келетін және ертеңгі дамуға серпін беретін демократиялық реформалар жасауға, қазақ мемлекеттілігінің іргетасын нығайтуға, басқару мен саяси жүйені жетілдіруге, әлем елдері мойындаған мемлекет құруға қол жеткізілді. Таңдап алынған жолдың таяу арада Қазақстанды жан-жақты жаңарту мен оның өркендеп дамуын қамтамасыз ететініне әрбір қазақстандықтың сенімі де мол. Өйткені қазақстандық даму жолы бүгінгі күннің өзінде-ақ нәтижесін беруде, өзінің дәйектілігі мен өміршеңдігін іс жүзінде дәлелдеуде.

Тәуелсіздіктің бастауында болған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ел ертеңін де айқындады. Елбасы. Ел тәуелсіздігі. Ел ертеңі. Үш сөз. Бір-біріне етене жақын, бір-бірін толықтыратын, өзара сабақтас сөздер. Тәуелсіздік десек, ең алдымен оның бастауында болған, оны нық сеніммен алға апарған, тәуелсіз ел мемлекеттілігінің негізін қалаған Елбасы ойға келеді. Елбасы десек, қиын-қыстау кезеңде елді басқарып, оны бар қиыншылықтан алып шығып, бүгінгі өркенді дамуға жеткізген Елбасы мен Ел ертеңі тағы да алдымыздан шығады. Ел ертеңі де өз халқы Елбасы деп атаған Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ел басшылығын одан әрі қолға ұстауымен байланыстырылады.

Биыл екінші рет мемлекеттік мереке ретінде аталып өтілетін «1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні» қарсаңында бұл мерекенің маңыздылығы мен оның тікелей себепкері Тұңғыш Президентіміздің мемлекет алдында сіңірген орасан зор еңбегін атап өту өте орынды болмақ.

Қорыта айтқанда, «1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күні» ел тарихындағы маңызды оқиғаны білдіретін мереке ретінде тойланады. Бұл біздің Тұңғыш Президентімізге, ел тарихына және тәуелсіздігімізге деген құрметіміз болмақ.

Елбасының, Ұлт көшбасшысының еңбегі мен беделін оның өткен қызметін баяндау және ол туралы басқалардың ой-пікірін жеткізу арқылы да бағалауға болады. Қазақстан халқы да Елбасының еңбегін, әлем таныған тұлғасы бар Қазақстанның бүгінгі жетістігін осылай бағалайды. Шетелдік сарапшылар мен қайраткерлер де Қазақстан басшысына «Қазақстанның қарқынды дамуының ең негізгі факторы – Н.Назарбаев», «Ол елдің жаңа тарихындағы заманауи дәуірдің нышаны», «Бүкіл түркі әлеміндегі жасампаздықтың жарқын мысалы» деп баға беруде және Қазақстандағы жарқын өзгерістерді Тұңғыш Президенттің атымен тығыз байланыстыруда. Күшті президенттік басқарудың арқасында жеткен бұл табыстар әлемнің дамыған елдері ғасырлар бойы жүріп өткен жолын Қазақстанның қысқа мерзімде ғана еңсергені дәлелдей алады.

Елдің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын және өркенді дамуға серпін беретін реформаларды жедел де тиімді жүргізу үшін және бұл мақсатқа жетуде бірінші кезекте халықтың қолдауына ие болатын қабілетті де күшті тұлғаның қажет болатындығын тарих әлдеқашан дәлелдеген. Тәуелсіз Қазақстан тарихында мұндай тұлға болды және алдағы уақытта да қажет. Сондықтан да Елбасы, Ел тәуелсіздігі, Ел ертеңі ұғымдарын қастерлей де, қолдай да білу – парыз. Бұл – біздің, ұрпақтарымыздың болашағы үшін қажет. Мәртебемізді биіктететін бүгінгі мереке де осыған қызмет етеді.

**Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ,**
**Сенатор, саяси ғылымдар докторы, профессор.**




# «ЭКСПО-2017» ЖӘНЕ УНИВЕРСИАДА

**«ЭКСПО» көрмесі – жаһандық ауқымдағы оқиға. Оны маңыздылығы жағынан ірі экономикалық форумдармен, туристік тартымдылығы бойынша әлемдегі ең танымал спорттық ойындармен салыстыруға болады. Көрме біздің елімізге ірі инвестиция тартуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ, «ЭКСПО» көрмесін өткізу арқылы Қазақстан «жасыл экономиканы» дамытуға тікелей септігін тигізетін жаңа технология мен инновация алады, – деді Мемлекет басшысы жуырда өткен «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында.**

Қазақстан Президенті елдің көрме тақырыбына тығыз байланысты бастамаларының көп екенін атап өтті. Бұлар энергиялық-экологиялық стратегия, «жасыл көпір» және «жасыл өсім» стратегиялары болып табылады.

Елбасының атап көрсеткеніндей, «болашақтың энергиясына» көшуге мүдделілік идеясын елдің өзі көрсете білуі тиіс. Үкімет біздің елімізде бұл бағыттың тиісті деңгейде дамуы мәселелерімен жұмыс істеуі керек. Алдағы бес жыл ішінде Қазақстан таза энергия түрлерінің әзірлемелері мен енгізілуі саласында инновациялық серпіліс жасауы қажет. Сондықтан ол болашақтың энергиясын дамытудың 2013-2017 жылдарға арналған тиісті кешенді жоспарын қабылдау жайын анықтап алуды тапсырды. Ол жоспар барлық өңірді, ұлттық холдингтерді, зерттеу институттары мен әлеуетті отандық және шетелдік инвесторларды қамтуы тиіс. Бағдарламалық барлық құжаттарды үйлестіру керек.

«ЭКСПО» кезінде бес миллион шамасында келушілер қабылдау жоспарланып отыр. Осыған орай Президент тиісті органдарға қаланы дамыту жоспарын қайта қарау мәселесін жүктеді. Сондай-ақ баспананың және жайлылықтың ең заманауи талаптары мен стандарттарына сай келетін «ЭКСПО-Сити» құрылысын анықтауға кірісу міндеті жүктелді. «Ауылшаруашылық жерлер қатаң түрде мақсатқа сай қолданылуы қажет. Астана мен облыс төңірегінен жер телімдері берілуіне тыйым салу керек. Тек «ЭКСПО-2017» символына айналып қана қоймай, әлемдік архитектура мен қала құрылысы қазынасының қатарына енетін бірегей сәулеткерлік ғимарат құрылысы туралы ойлану да аса маңызды. Оған қоса, жаңа коммуникациялар құрылысы мен оларды басқару «ақылды қаланың» қағидаттары бойынша жүзеге асырылуы тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

Президент «ЭКСПО» көрмесін өткізу нәтижесін барынша игілікке жарату, ең алдымен туризмді дамытуға пайдалану мәселесіне назар аударды. Мемлекет басшысы, сонымен қатар, Мемлекеттік комиссияға туристік бағыттардың еншісіндегі автожолдардың бойындағы сервисті осы заманға сай жабдықтау жөнінде ұсыныстар енгізуді, сондай-ақ, қалалар арасындағы көлік жүйесінің жаңа жүктемелерін ескеруді тапсырды.

Мемлекет басшысының атап өткеніндей, «ЭКСПО-2017» көрмесіне дайындалу және өткізу кезінде отандық экономиканың ресурстарын, әсіресе шағын және орта бизнестің жетістіктерін барынша пайдалануды жүктеді. Осы шараға арналған құрылыс материалдары мен қызмет көрсету импортын төмендету үшін біздің барлық ішкі өндірісті іске қосу керек. Өз кезегінде шағын және орта бизнес сондай қызметтер мен тауарлар көлемін көрсетуге дайын болуға тиіс. Олардың қызметі сапаның ең жоғары талаптарына сай болуы керек.

Қазақстан үшін 2017 жыл спорт саласында да ерекше жыл болады. Жуырда Үкімет отырысында 2017 жылғы 28-ші қысқы Бүкіләлемдік универсиадаға дайындық мәселесі талқыланды. Атап айтқанда, бұл елеулі спорттық шара 2017 жылы Алматыда өтетін болады. «Студенттік олимпиадаға дайындық мәселесі тек Алматыға ғана емес, сонымен қатар, барлық өңірлерге де қатысты. Бұл ауқымды спорттық шараға 5 жылға жуық уақыт қалды. Ал уақыт тез өтеді, 2017 жылғы қысқы студенттік олимпиада ойындары мен «ЭКСПО-17-ні» өткізуге дайындықты қазірден бастау керек. Бүгінде осы спорттық шараға әзірленіп жатқан жастар, оқушылар, студенттер 100 пайыз даярлықтан өтуі тиіс», – деп тапсырды Премьер-министр Серік Ахметов. Осы орайда, Премьер-министр Білім және ғылым министрлігіне, ҚР Спорт және дене тәрбиесі жөніндегі агенттікке, барлық облыс әкімдерімен және Алматы мен Астана әкімдіктерімен бірлесе спорттық резервін даярлау бойынша тиісті шараларды қабылдауды жүктеді.



Сонымен алдағы жылдары Қазақстан халықаралық көрме мен бүкілдүниежүзілік универсиада өткізілетін әлемдік өркениеттің орталығына айналады. Бұл Қазақстанның жаһандық ортадағы өзінің лайықты орнын анықтауға жетелейтін шаралар болып табылады. Президенттің «Қазақстан-2050» стратегиясымен қаруланған ел-халқы осынау маңызды саяси-экономикалық шараларды өз деңгейінде өткізетініне сенімдіміз. Бүгінгі дайындық барысы бұл ойымызды дәлелдей түседі.

**Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.**

ПІКІР

# АТА-БАБА АҢСАҒАН АЗАТТЫҚ

Туған жердің түтіні қашан да ыстық. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген ата-бабадан қалған қанатты сөз тегін айтылмаса керек. Сені сыртқа теппесе де, бөтен орта бөтендігін жасап тұратыны, реті келсе, шетке қағатыны жасырын емес. Сондықтан да болар кезінде түрлі себептерге орай көршілес елге қоныс аударған ата-анамыз кіндік қаны тамған жерді сағынышпен еске алып, оған оралуды аңсайтын. Ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздік сол мақсатты жүзеге асыруды жақындатты.

Елге оралдық. Берілетін жәрдемақы, түрлі жеңілдіктерді иелендік. Ең бастысы, біз туған жерінің бір уыс топырағына зар болып кеткен көп отандастарымыздың арманына қол жеткіздік. Әрине, тоқырау жылдары аталып кеткен тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде көп қиындықтарға кезіктік. Оны көппен көрген ұлы тойға балап, келешектен үміт күттік, алға ұмтылдық. Біздің ертеңгі күнге сеніммен қарауымызға тәуелсіз елдің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың батыл қадамдары, тәуекелшіл мінезі, қандай істі де белгілі бір мақсатпен бастайтыны себеп болды. Оның онсыз да қиын кезеңде Қазақ елінің астанасын көп облыстың бірінің орталығына көшіруі ел арасында түрлі пікір туындатты. Кейін ой елегіне салсақ, Елбасы ел шекарасын бейбіт жағдаймен шешкен екен. Айналдырған он бес-жиырма жылдың көлемінде әлем тамсанған Астана өмірге келді.

Иә, елі таңдаған Елбасының ұлан-байтақ Қазақ жерінде бейбіт қатар өмір сүріп жатқан сан ұлт өкілдеріне жасап жатқан қамқорлығы ұшан-теңіз. Олардың арасында оралмандар да бар. Президент тапсырмасымен олардың тұрмыс-жағдайын түзеуге, тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне, оқып, білім алуына, белгілі бір кәсіппен айналысуына мүмкіндіктер қарастырылған. Мәселен, менің өзім жеке кәсіпкерлікпен айналысып, қолөнер шеберлерінің республикалық түрлі байқауларына қатысып келемін. Жеткен жетістігім, алған мадақтауларым аз емес. Жалғыз мен емес, қаншама оралман өлшеусіз еңбегінің оңды нәтижесін көріп отыр. Мен осының бәрі Тұңғыш Президенттің жүргізіп отырған сарабдал саясаты мен іскерлігінің арқасы деп білемін.

**Қарлығаш ІЛИЯСОВА,**
**қолөнер шебері.**
Тасбөгет кенті.

# ЕЛ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН ЕР БОЛМЫС

**Қай жерде болмасын тәуелсіздік туралы сөз туындай қалса, сол тәуелсіздікпен бірге Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімі аталады.**

Қазақстан бүгінде мұнай, газ, ауыл шаруашылығы, көмір және басқа да салалар бойынша дүниежүзінде алдыңғы қатарда екеніне дау жоқ. Сонымен қатар, аз ғана уақыт ішінде бой көтерген елордамыз Астананың да әлемдегі ең көрікті қалаларының қатарына қосылуы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегінің арқасы. Қазақстандықтардың сүйікті қаласына айналған Астана қаласының орны ерекше. Оның ішінде, ұлтымыздың символы атанған «Бәйтеректі», «Үкімет үйі» мен «Пирамидаларды», «Ел тілегі» ескерткіші, сонымен қатар, өзінің сұлулығымен кімнің де болмасын көзін тартар ғимараттар мен ансамбльдер ұлт мақтанышына айналды.

Сондай-ақ, Елбасымыз өзінің туған халқының әл-ауқатын арттыруда, олардың еңбек етіп, еркін демалуларына, сонымен қатар, өскелең ұрпақтың бақытты ғұмыр кешулеріне, халықтың салауатты өмір сүрулеріне тағылымды жұмыстар жасады. Оған барлық қазақстандық куә.

Елбасы жыл сайын Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруға, ел экономикасын нығайтуға байланысты алдағы жылдарға мақсатталған жоспарлары туралы дәстүрлі Жолдауларын жолдап, онда зейнеткерлерге, ана мен балаға, денсаулық және білім беру, кәсіпкерлік және басқа да салаларға айырықша мән беріп отыр. Әсіресе, осы Жолдаулар аясында өмірге енгізілген «Дипломмен – ауылға!», «Қолжетімді баспана», «Жұмыспен қамту-2020», «Балапан», «Саламатты Қазақстан» бағдарламалары Қазақстан халқының болашағы үшін атқарылып жатқан игілікті істер екені айтпаса да түсінікті.

Иә, еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың туған халқы үшін еткен еңбегі ұшан-теңіз. Жыл сайын елімізде Елбасының ұйытқы болуымен Қазақстан мемлекетін өзге шет елдермен тығыз байланыстыруда халықаралық, әлемдік деңгейлерде басқосулар ұйымдастырылуда. Атап айтар болсақ, Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өзінің қатысуымен жер бетінде бейбітшілік орнатуда Астана қаласында дінбасылардың басқосулары, түрлі тақырыптарда конгрестер мен симпозиумдар, басқа да жиындар өткізіліп, осы жиындарда Елбасы дүниежүзінде тыныштық пен бейбітшілік орнатуда, ұлттар арасында қарым-қатынасты нығайтуда салиқалы ойлар ұсынып, осы ойлары Мемлекет басшыларынан қолдаулар тауып, жүзеге асырылуда.

Әлем бойынша үш мемлекет қана жырақта жүрген отандастарының ата-баба қонысына қайтуына тілектестік білдіріп, қамқор құшағын ашса, соның бірі Қазақстан мемлекеті. Сондай-ақ, ядролық сынақты болдырмауда әлемде бірінші болып еліміздегі Семей ядролық полигонын жапқан да біздің Қазақстан елі. Мұның бәрі Елбасымыздың сарабдал саясатымен жасалып жатқан жұмыстар.

Міне, осындай данышпан, дара тұлға, ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевпен біздер, қазақстандықтар, мақтанамыз.

**Асқар НҰРҒАЛИЕВ,**
**Қармақшы аудандық**
**сотының бас маманы.**

«Саясат – мүмкін болатынды жүзеге асыру өнері».

**Уинстон Черчилль.**

# ЕЛБАСЫ және БҮГІНГІ ӘЛЕМ

**Жолдасбек АҚСАҚАЛҰЛЫ**

Өткен XX ғасыр саяси қақтығыстарға, әлемді билеуге ұмтылған екі қарама-қайшы жүйенің бітіспейтін күресіне толы болды. Әлем жұртшылығы адамзат баласына өлшеусіз қайғы-қасірет әкелген екі дүниежүзілік соғысты бастан өткерді. Ғасыр басындағы революциялық төңкеріске әкеліп соқтырған қазан төңкерісі, одан кейін тап күресінің шиеленісуінен болған бірнеше миллиондаған адамдардың өмірін қиған трагедиялық оқиғаларды аға ұрпақ өкілдері әлі жадынан шығара қойған жоқ.

XXI ғасырдың басы әлемдік ауқымдағы соғыс қасіретінен айналып өткенімен, бүгінгі қауіп-қатерлердің мазмұны мен сипаты басқа бағытта өрбиді. Бұл туралы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев 2012 жылдың соңында халыққа арнаған Жолдауында егжей-тегжейлі талдап көрсеткен болатын. Қазақстан Президенті өз Жолдауында XXI ғасырдың сын-қатерлері ретінде жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі, судың тапшылығы, жаһандық энергетикалық қауіпсіздік, табиғи ресурстардың сарқылуы туралы мәселелерді қамтыған болатын.

Планетадағы халық санының өсуі және осыған орай тағамға, сонымен бірге табиғи ресурстарды тұтынуға деген қажеттіліктің өсуі жаһандық проблемалардың туындауына әкеп соғады. Қазір жер шарында су ресурстарының тапшылығы қатты сезіледі. Соңғы 60 жылдың ішінде жер шарында ауыз суды пайдалану 8 есеге өскен. Үстіміздегі ғасырдың ортасына қарай суды көптеген елдер сырттан тасымалдайтын болады. Бұл мәселені кезінде Елбасы қауіп-қатерлердің ішінде айрықша атап көрсеткен болатын.

Қазір су барынша шектеулі қор болып саналады. Бұл, айналып келгенде, геосаясаттың аса маңызды факторларының бірі. Ол көп ұзамай планетадағы текетірес пен кикілжіңнің жаңа ошағына айналып кетуі де ықтимал. Өмірлік бай тәжірибе, ұдайы ізденістің жемісі болар, Елбасы табиғи ресурстардың осынау маңызды қорын тиімді пайдалану жөнінде әрдайым айтып келеді. Сол себептен суды тиімді пайдалану, оның ысырабына жол бермеу «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыруға байланысты қабылданған іс-шаралар шеңберінде де жүзеге асырылатынын айрықша атап өткіміз келеді.

Елбасының айрықша атап жүргеніндей, шектеулі табиғи ресурстарды үнемді пайдаланудың қатарында энергия көздерінің айтылуы тегін емес. Сарапшылардың пікірінше, 2050 жылға дейін энергетика саласында революциялық серпілістер бола қоймайды. Әлем біртіндеп мұнай мен газды импорттаудан эволюциялық жол арқылы арыла бастайды. Осының өзі қазіргі әлемде қалыптасқан үйреншікті тәртіптің мазмұнына өзгеріс әкелуі әбден мүмкін. Егер қазірден бастап мұнай экспорттаушы елдер өзінің перспективалары туралы мықтап ойланбаса, олар алдағы уақытта қолайсыз жағдайларға тап болады. Сарапшылар осы елдердің қатарында Сауд Арабиясын, Ресейді, АҚШ-ты, Иранды, Қытайды, Канаданы, Біріккен Араб Әмірлігін, Мексиканы, Кувейтті, Иракты, Бразилияны, Нигерияны, Венесуэланы, Еуропа Одағын, Норвегияны, Алжирді, Анголаны, Қазақстанды, Катарды, Ұлыбританияны, Әзірбайжанды атайды.

Сонымен бірге сарапшылар бұрынғы Кеңес одағының мемлекеттері қатарында Қазақстанның энергетикалық мүмкіндіктерінің әлеуеті зор екенін атап көрсетеді. Дегенмен Президент балама қуат көздеріне үміт артып, «Қазақстан-2050» стратегиясында атом энергиясын дамытудың, сонымен бірге энергияның жаңғыртылатын көздерін өркендету міндетін алға қойып отыр.

Елбасы бүгінгі әлем әлі толық арыла қоймаған қаржылық дағдарыстың басты сипатын халықаралық қаржы жүйелерінің жетілмегендігінен болып отырғанын бірнеше мәрте атап көрсеткен болатын. Бүгінгі таңда Қазақстан дағдарыстан шығудың қиын сүрлеуін игере отырып, Мемлекет басшысының дәйекті саясатының арқасында дамудың сара жолына түсті. Бұл ең алдымен рыноктық қатынастарды қолдан басқару үлгісімен ұштастырудың нәтижесінде мүмкін болды. Еліміз бұрынғы жүйеден қалған әкімшілік басқару жүйесінен толықтай арылды.

Айтпақшы, сол дағдарыстың алғашқы кезеңінде Елбасы 2008 жылдың өзінде-ақ «Российская газетада» «Дағдарыстан шығудың кілті» атты мақаласын жариялады. Қалыптасқан жағдайға талдау жасады. Сөйтіп, өзінің әрдайым уақытпен бірге үндесіп отыратын прагматикалық көзқарасын білдірді.

Қазір өндіру мен тұтыну көлемі арасындағы алшақтық, қаржы айналымына бақылаудың бетімен жіберілуі «Әлемнің әміршісі – еңбек» дейтін өміршең ұлы қағидаға құлай берілетіндердің өзін күмәнді ойдың жетегімен алып барады. Бұл бәзбіреулерді бас ауыртып, балтырын сыздатпай-ақ ақша табуға итермелейді.

Елбасы сол жылдары әлемде орын алып отырған күрделі ахуалды сарапқа сала отырып, барлығына жан-жақты талдау жасады. Осы жолы Мемлекет басшысы өзінің дәйекті тұжырымдарға бекем екенін тағы да дәлелдеді. Сайып келгенде, бұл елдің мүддесі үшін мүмкін болатын келеңсіз жағдайлардың алдын алуға бағытталған нақты міндеттер болып табылады. Дәйектілік дегеннен шығады, Елбасы 2011 жылғы Жолдауында еңбек өнімділігі, оны көтеру жолдары туралы нақты міндеттер жүктеген болатын. Сайып келгенде, еңбек өнімділігі кешегі посткеңестік жүйеде болған мемлекеттердің барлығына тән күрделі мәселе. Кеңестік жүйеден қалған масылдық психология, құрал-жабдықтардың ескіруі, тағысын-тағылар еңбек өнімділігін тежейтін негізгі факторлардың бірі болып келді.

Мақала жарияланғаннан кейін Мемлекет басшысы елді әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселесіне арналған кеңес өткізді. Елбасы экономикадағы өсім жағдайын айта келе, өз мақаласында атап көрсетілген Қазақстанды жаңғыртудың 20 қадамына қатысты ойларын тағы да сабақтады.

Мемлекет басшысы жуырда Қазақстан Республикасы Парламентінің бесінші шақырылымы үшінші сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде еліміздің «Қазақстан-2050» стратегиясын жүзеге асыру кезеңіне аяқ басқанын атап көрсетті. Бұл Стратегияның алға қойған негізгі мақсаты – әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру. Осы орайда Президент әлеуметтік проблемалар көптеген дамыған елдерде шиеленісіп кеткенін, жұмыссыздықтың өсуі, халықтың табысының төмендеуі, әлеуметтік дамудың үйлесімсіздігі мен кереғарлығы әлемнің көптеген елдеріндегі нақты жағдайлардан көрініс беріп отырғанын мәлімдеді. Ал, Қазақстандағы ахуал олардың көпшілігінде болып жатқан жайттарға қарағанда артықшылығымен ерекшеленеді.

2013 жылдың алғашқы жартыжылдық қорытындысы бойынша Қазақстанда ішкі жалпы өнімнің өсімі 5 пайыздан асты. Ішкі жалпы өнімнің жан басына шаққандағы көрсеткіші 12 мың доллардан жоғары. Қазақстанның Ұлттық қордың валюталық активтерін қоса алғандағы халықаралық резерві 90 миллиард долларға жетіп жығылады.

Президент бүгінгі таңда «ЭКСПО-2017» аясында өтетін шараларға айрықша мән беруде. Ал, бұл энергия тиімділігі мен энергия жинақтауға қатысты маңызды мәселе болып саналады. Энергия жинақтаудың жаңа мәдениетін, экономика тәрізді күнделікті өмірде де жаппай қалыптастыру мақсатында Президент Жарлығымен «Жасыл экономикаға» өту тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама бойынша Қазақстан 2020 жылға дейін энергия үнемдеуді жыл сайын 2,5 пайыз, ал 2020 жылдан кейін 3,5 пайыз көлемінде қамтамасыз етуі қажет. Бұл отандық кәсіпорындардың энерготиімділігінің қажетті деңгейіне жетуіне мүмкіндік беріп, «жасыл экономика» аясындағы міндеттерді орындауды қамтамасыз етеді.

Соңғы 15 жылдың ішінде Қазақстан экономикасы 1997 жылғы 1,7 трлн. теңгеден 2011 жылы 28 трлн. теңгеге дейін өсті. Сөйтіп, еліміздің ішкі жалпы өнімі 16 есеге артты. 1999 жылдан бастап ішкі жалпы өнімнің өсімі жыл сайын 7,6 пайызға өсіп, ол алдыңғы қатарлы дамыған елдердің көрсеткішінен асып түсті. Сонымен қатар жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім көлемі 7 есе өсті. Қазақстан ТМД елдерінің ішінде тікелей тартылған шетел инвестицияларының жан басына шаққандағы көлемі бойынша көшбасшы болды. Біз сыртқы тауар айналымының 12 есе, өнеркәсіп өнімінің 20 есе өсімін қамтамасыз еттік. Қазір елімізде серпінді индустриалдық даму бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда.

Қазақстанда қолжетімді және сапалы білім беру бағытындағы реформалар дәйекті жүргізілуде. «Балапан» бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде балғындардың 65,4 пайызын мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етуге жол ашылды. 1993 жылы «Болашақ» бағдарламасы қабылданған болатын. Нәтижесінде 8 мыңнан астам талантты жас осы бағдарлама бойынша әлемнің үздік университеттерінде білім алды. Астанада халықаралық стандарттар бойынша жұмыс істейтін ғылыми-зерттеу университеті құрылды.



Президенттің пікірінше, қазір әртүрлі халықтар мен елдердің даму мүмкіндіктеріне жағдай жасау бүгінгі дағдарыстардан арылудың негізгі бағыты болып саналады. Сонымен бірге жаппай қырып-жоятын қаруларды ауыздықтау әлемдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты тетігі.

Үстіміздегі жылы «Дағдарыстан кейінгі әлем» атты халықаралық зерттеу қоры өзінің жүргізген жұмыс нәтижелеріне сүйене отырып әлем елдерінің бүгінгі жағдайына, ондағы қалыптасқан ахуалды жақсартуға жеке лидерлердің қосатын үлесіне қатысты пікірін білдіреді.

Бұл қор Мәскеу қаласында 2009 жылы құрылған болатын. Аталған қор сол уақыттан бері дағдарыс шылауына оранған әлем экономикасының проблемаларына жан-жақты талдау жүргізіп келеді. Сонымен бірге ол дағдарыстың алдағы уақытта қандай сипатқа ие болатынын, жаһандағы елдердің жағдайына оның қаншалықты әсер ететінін баян етеді.

Қордың зерттеу жұмыстарына мұнан да маңызды әлемдік проблемалар өзек болып отыр. Атап айтқанда, 2050 жылы ғаламдық деңгейдегі басты проблема не болады? Бүгінгі әлем кезігіп отырған өзекті проблемалардың шешімі қандай? Әлбетте, бұл сауалдардың жауабы күрделі, ол жан-жақты зерттеуді, әрбір жағдаятты барынша сүзгіден өткізуді талап етеді.

Таңғаларлығы сол, осы қордың зерттеу жұмыстарының нәтижелері Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2012 жылдың соңында жариялаған «Қазақстан-2050» стратегиясы атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған қағидалармен үйлесім тауып отыр.

Сарапшылардың үштен екіге жуығы жаһанның тап бүгінгі жағдайына «ықпал ету аумағын қайта бөліске салу», «дендей түскен дағдарыс» немесе «дүниені дүрліктірген дүрбелең» деген атаулармен анықтама береді. Сауалға қатысушылардың үштен бірі әлемнің қазіргі ахуалын ықпал ету аумағын қайта бөліске салу сипатында атап көрсетеді. Бұл жерде олар ең алдымен жаһанның экономикалық орталығы Батыстан Азияға қарай ойысып бара жатқанын, осыған сәйкес дамушы елдердің ықпалы арта бастайтынын атап көрсетеді.

Бүгінгі әлемді жаңаша сипатта дамытуға жеке тұлғалардың қосатын үлесі қандай? Соңғы отыз жылға жуық уақыт ішінде әлемнің әртүрлі елдері мен аймақтарында дәйекті саясат жүргізген саяси тұлғалар өркениетті жолмен дамуға өз үлестерін қосатыны қазірдің өзінде айқындалып отыр. Сарапшылардың пікірінше, мұндай тұлғалар қатарында Германияның қазіргі Премьер-министрі Ангела Меркель, Қытайдың бұрынғы басшысы Ху Цзиньтао, Ресей президенті Владимир Путин, кеше ғана дүниеден өткен Венесуэла президенті Уго Чавес және Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев есімдері аталады.

Өз елдерінің әлемдегі орнына нұқсан келтірген басшылардың да есімдері аталады. Олардың қатарында АҚШ-тың бұрынғы президенті Джордж Буш-кіші, араб елдеріндегі толқулардың «құрбандары» Хафез Асад, Муамар Каддафи, Хосни Мубарак бар. Сондай-ақ Италияның бұрынғы Премьер-министрі Сильвио Берлускони да олардың қатарында аталады. Осындай қарама-қайшылығы мол әлемдік ортада Қазақстан өзінің лайықты орнын тапты.

Әлемдік қауымдастық XXI ғасырдың басында осындай проблемаларға тап болды. Бұл сөз жоқ, Елбасының әлемдегі әрбір тосын құбылыстарды бағамдап, байыптап, дұрыс шешім қабылдай білетін көрегендік қадамдарының жемісі екенін атап өтпеске болмайды. Бүгінгі Қазақстан кеңестік дәуірден кейінгі кезеңдегі еуразиялық интеграцияның басты қатысушысы болып табылады. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері үшін жаңа серпінді дамудың басты локомотивіне айналады. Бұл Президенттің жаңа уақыт туғызған бастамалардың көшбасшысы ретіндегі прагматикалық, дәуір тынысын дөп басқан ізгілікті шешімдерінің нәтижесі болып табылады.






# АРАЛ ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУҒА ЖОЛ АШТЫ

**Баршаға белгілі, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен өңірімізде «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасы қолға алынып, ол сәтті аяқталды. Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық және экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған жобаның алғашқы кезеңінде облыс аумағында кешенді жұмыстар жүзеге асырылды. Енді бүгінде Сыр елі халқы үшін маңызы зор бұл бірегей жобаның екінші кезеңін іске асыру жұмысы қолға алынды. Бұл маңызды жобаларды Бүкілдүниежүзілік Даму банкі мен ҚР Үкіметі қаржыландырып келеді.**

Шындығында, бұған дейін әлемде теңізді бөліп теңіз жасау тәжірибесі болып көрмеген. Бар тірлігі теңізбен тығыз байланысты Арал өңірі халқының тынысын кеңейтуді ойлаған Елбасы нар тәуекел деп осындай қадамға барды. Ал оның нәтижесі көпшіліктің көз алдында анық көрініп тұр. Атап айтқанда, «САРАТС-1» жобасы 2006 жылы толық аяқталды. Сөйтіп Көкарал бөгетінің құрылысы біткен соң, бір жылға жетер-жетпес уақыт ішінде Арал теңізінің солтүстік бөлігі Балтық жүйесі бойынша алдымен 38 метрлік деңгейге жетті. Кейін су мол келе бастаған соң ол 42 метрге дейін көтерілді. Соның нәтижесінде теңіз төңірегіндегі көлдер жүйесі суға толып, аймақтың тыныс-тіршілігі қайта жанданды. Соның ішінде мұнда мал мен егін, әсіресе теңіз төңірегін мекендеген елдің ата кәсібі – балық шаруашылығы өркендей бастады. Соның нақты айғағы болса керек, бұған дейін онда жылына 400 тонна балық ауланып келсе, қазір оның көлемі бес мың тоннаға дейін жетті.

Әрине, теңіздің қайта толуы тек өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғана жол ашып қойған жоқ. Сонымен қатар мұнда экологиялық ахуал да айтарлықтай жақсара түсті. Теңіз табанынан ұшқан тұзды шаң мен құм едәуір азайды. Ал ең бастысы теңіз суының тұздануы литріне 27-ден 13-ке түсіп, камбаладан басқа балық қалмаған теңізде су маржанының 22 түрі қайта пайда болды. Бұл осы жерде балықты аулау ісіне жол ашып, оны өңдейтін зауыттардың көбеюіне әкелді.

Сонымен қатар, «САРАТС-1» жобасының шеңберінде Қараөзек және Әйтек гидроқұрылысы мен Қызылорда су торабында жөндеу жұмыстары және басқа да істер жүзеге асырылды. Мұнан бөлек, Нарын-Сырдария алабындағы су сақтау мен Жаңақорған ауданындағы суармалы жерлерді сумен қамтамасыз етуді жақсарту жобасы да іске асырылды.

Үстіміздегі жылдың көктемінде Алматы қаласында Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен «Оңтүстік өңірлерді дамыту мәселелері туралы» кеңес өткізілгені белгілі. Осы кеңесте облыс әкімі Қырымбек Көшербаев «САРАТС-2» жобасын жүзеге асыруға байланысты мәселелерді ортаға салды. Сөйтіп, «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының екінші кезеңінің алғашқы жұмыстарын биылғы жылдан бастауға қол жеткізілді. Әрине, мұндай мүмкіндік бізге оңайлықпен келген жоқ. Нақтырақ айтқанда, жергілікті жердің балықшыларының бірдеңгейлі теңіз, яғни Көкарал бөгетін Балтық жүйесі бойынша 47-48 метрге көтеру керек деген ұсынысы еленбей келген. Оның орнына Қоршаған ортаны қорғау министрлігі екідеңгейлі, өте күрделі әрі шығыны көп ұсынысты ұсынған. Дегенмен де, Астанада өткен мәжілісте аймақ басшысы «САРАТС-2» жобасының балықшылар қауымы ұсынысының тиімділігін дәлелдеп шықты. Сөйтіп, жергілікті мамандар мен Арал балықшыларының тиімді нұсқасы теңіздің бірдеңгейлі күйінде қалу мәселесі оңды шешімін тапты.

Сонымен, алдағы уақытта «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтап қалу» жобасының шеңберінде Қызылорда су торабының сол жағалауындағы шлюз-реттегішін қалпына келтіру, Қазалы және Қармақшы аудандарында қорғаныс бөгеттерін салу, Қорғанша және Тұрымбет учаскелерінде өзен арнасын реттеу, Қазалы ауданы Бірлік ауылы маңында автомобиль жолы көпірін салу, Қамыстыбас пен Ақшатау көлдер жүйесін қалпына келтіру және Қамыстыбас балық өсіру питомнигінің Тастақ учаскесіндегі балық өсіру тоғандарын кеңейту жұмыстары жүзеге асырылатын болады. Бұл жұмыстар толықтай іске асқанда теңіз айдыны қазіргісінен де көп ұлғайып, онда балық шаруашылығы жедел қарқынмен дамиды. Сондай-ақ, Солтүстік Арал теңізін сақтау өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын айтарлықтай жақсартып, экологиялық тұрақты ахуалдың қамтамасыз етілуіне жол ашады. Ал ең бастысы, теңіздің бұл беткейінің суға толуы арқасында бұрынғы жылдардағыдай кемелердің жүруіне де мүмкіндік тумақ.



**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**




# ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАС, ІЗГІ ІЛТИПАТ

Әр келгенімде гүлдене түскеніне куә болып жүрген Астана қаласы – Қазақстанның динамизмі мен Президент Назарбаев мырзаның көрегенділігін бейнелейтін ең үлкен туынды. Астананың құрылыс жұмыстарына түрік фирмалары мен жұмысшыларының да үлес қосуын түрік-қазақ ынтымақтастығының ең әсем нышандарының бірі деп білеміз.

**Абдулла ГҮЛ,**
**Түрік Республикасының Президенті.**

***

Қазақстан Президентінің көреген саясаты болмағанда, бұл өңірдегі халық әлі күнге дейін сынақтардан зардап шегіп отыруы мүмкін еді. Сіздің Орталық Азияда ядролық қарудан ада аймақ құру бастамаңызбен Солтүстік жарты шарда ондай аумақ тұңғыш рет құрылғанын зор ризашылықпен айта аламын.

**Пан Ги МУН,**
**БҰҰ Бас хатшысы.**

***

Астана Саммитінің өткізілуі Нұрсұлтан Назарбаев бағындырған ең биік белес болып табылады. Ол бұл белесті жоғары етіп қойды және ондағы өзінің міндеттемелерін тамаша орындап шықты. Мен ЕҚЫҰ-ның саммиттеріне осымен үшінші рет қатысқан саясаткермін. Мұндай жоғары өткен жиынды әлі көргенім жоқ.

Мен Нұрсұлтан Әбішұлына, өзге де саясаткерлер айтқанындай, бұл Саммит жұмысы барлық сегменттер бойынша керемет ұйымдастырылғанын атап көрсетемін. Неткен тамаша үдеріс, шенеуніктер, қауіпсіздік қызметі, журналистер – бәрі де шынайы достық ниетте қонақжайлылық танытты. Саммит жұмысына ешкім де кедергі жасамады. Біз Қазақстаннан үйренуіміз керек.

**Александр ЛУКАШЕНКО,**
**Беларусь Республикасының Президенті.**

***

Ашық-жарқындығы, шыншылдығы, тартымдылығы, адамға деген сүйіспеншілігі – мұның бәрі де Нұрсұлтан Әбішұлының табиғатына тән қасиеттер. Қазақ жұртының, елінің көп ұлтты халқының алдындағы, тарихтың алдындағы жоғары жауапкершілік сезімі оның бойынан әманда ажыраған емес.

Ол ұлы ұйымдастырушы ретінде Қазақстанды кеңестен кейінгі кеңістіктің дамыған мемлекеттерінің біріне айналдырды. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саладағы табыстары тағылым аларлық. Нағыз басшы ғана осындай нәтижелерге жете алады, бұл жағынан алғанда, Нұрсұлтан Әбішұлы өз халқының даусыз басшысы.

**Эмомали РАХМОН,**
**Тәжікстан Республикасының Президенті.**

***

Корея Қазақстанмен кең ауқымды ынтымақтастықты кеңейтуге әзір. Қазақстан Орталық Азиядағы белді мемлекет болып табылады, ал, Нұрсұлтан Назарбаевты мен әлемдік деңгейдегі көшбасшы деп білемін. Оның басшылығымен Қазақстан дамудың қайран қаларлық биігіне көтерілді.

**Ли Мен БАК,**
**Корея Республикасының Президенті.**

***

Мен Президент Нұрсұлтан Назарбаевты біздің замандастарымыздың ұлы құрылысшыларының бірі деп есептеймін. Ол мемлекетті қалыптастырды, ол көрікті астананы туғызды, ол Қазақстанның болашағын қалыптастыруда.

**Шимон ПЕРЕС,**
**Израиль Президенті.**

***

Қазақстанда этносаралық және конфессияаралық келісімді нығайтудың бірегей үлгісін қалыптастырудағы Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Біздер, қырғыздар бауырлас қазақ ағайындардан үлгі алуымыз керек.

**Алмазбек АТАМБАЕВ,**
**Қырғызстан Президенті.**

● ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

# ӨҢІРГЕ ӨРНЕК БЕРГЕН МЕРЕКЕ

**ҚЫЗЫЛОРДА**

Қалада Тұңғыш Президент күні мерекесі кең көлемде мерекеленуде. Атаулы күнді және Тәуелсіздік мейрамын атап өту мақсатында 20 карашадан бастап қалада айлық жарияланды. Мемлекеттік мерекелер аясында қала аумағында 60-қа жуық түрлі үлгідегі көпшілік іс-шаралар өткізіледі деп жоспарлануда. Негізгі шара 22 қараша күні қала жастарының форумымен басталды.

Мереке күнінде қаладағы ірі «Ағжан», «Жайна», «Асбол», «Талғат», «Сыбаға» сауда нысандарында өнімдер (азық-түлік пен киімдер) 10 пайыздық жеңілдікпен сатылады.

**Ә.ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ.**

***

**ЖАҢАҚОРҒАН**

Тұңғыш Президент күні қарсаңында аудан мектеп оқушылары Жаңақорған кентіндегі «Тарихи мұражайға саяхат» атты сапар аясында мұражаймен танысуды бастады.

***

Аудандық мәдениет үйінде жастар форумы өткзілді. Онда аудан әкімінің міндетін атқарушы С.Ыдырысов баяндама жасап, еліміздің қол жеткізген жетістіктері және жастарымыздың белсенді қимылы жөнінде тарата әңгімеледі.

***

Аудан орталығындағы «Арман» мәдениет үйінде «Елбасы және Қазақ елі» атты ашық есік күні өткізілді.

***

**ШИЕЛІ**

Аудандық мәдениет үйінде «Тарих. Тұлға. Елбасы» атты үлкен шара өткізілді. Соңынан аудандық мәдениет қызметкерлерінің күшімен концерт берілді.

***

«Қазатомөнеркәсібі» ҰАК-на қарасты бірнеше мекеме өкілдерінің қатысуымен Көкшоқы елді мекеніндегі мәдениет үйінде «Әлем таныған Елбасы» атты шара еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір жолына, егемен еліміздің даму барысындағы Елбасының ерен еңбектерін паш етті.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.**

● КОНФЕРЕНЦИЯ

## КЕМЕЛ ЖҮРЕК, КЕНЕН ЕР

Тұңғыш Президент күніне орай облыстық прокуратурада «Құқықтық Қазақстан және Президент» атты шағын конференция болып өтті.

– Елбасы десек, ойымызға Тәуелсіздік түседі. Себебі, Тәуелсіздік Елбасының екінші аты іспетті,– деді конференцияда баяндама жасаған облыс прокуроры Сапарбек Нұрпейісов.– Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған азаттығына Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы саясаты негізінде қол жеткізгеніміз баршаға аян. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ашық-шашық шекара, жұмыссыз қалған жұрт, бос қалған дүкен сөрелері, төленбей қалған айлық табыс, жойылып кеткен жәрдемақы,.. осының бәрі ел басына түскен ауыртпалықтың қаншалықты қиын екенін көрсетеді. Тағдыр қазақ халқының маңдайына Нұрсұлтандай дара тұлғаны сыйлады. Елі таңдаған Елбасы өзіне сенген сан ұлттың мекеніне айналған Қазақстанды өрге сүйреп, кемел келешекке жетеледі. Қазір Қазақстанды әлем халқы мойындады. Тіпті алпауыт мемлекеттердің өзі өркениетке ұмтылған жас Қазақстанмен, оның Тұңғыш Президентімен санасатын болды. Осының бәрі де Елбасының тұлғасын биіктете берері анық.

Конференцияда аталмыш мерекеге орай Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушылары мен облыстық прокуратураның бөлім басшылары түрлі тақырыпта баяндамалар жасады.

Мерекелік шарада бір топ сала қызметкерлеріне I сыныпты заңгер шені мен облыс прокурорының Алғыс хаты табыс етілді.

**Ж.БАЛАБАЙҚЫЗЫ.**

● САПАР

## СЕНАТОРЛАР СЫР БОЙЫНДА

Арал ауданында ҚР Парламент сенатының депутаттары Қожахмет Баймаханов пен Мұрат Бақтиярұлы жұртшылықпен жүздесті. Жиынды ашып, жүргізген аудан әкімі Мархабат Жайымбетов өңірден сайланған депутаттардың игілікті істердің басы-қасында жүргендерін жеткізді.

Алғашқы сөз кезегін алған Мұрат Бақтиярұлы сайлаушылар аманатына адалдық таныту, есеп беру әрбір халық қалаулысының міндеті екендігіне, соңғы кезеңде қабылданған заңдарға кеңінен тоқталды. Үкімет тарапынан ауыл шаруашылығын жандандыруға бағытталған қадамдар, «Жұмыспен қамту-2020», «Ақбұлақ» бағдарламасының маңыздылығы, қымбат бағалы автокөліктерге салынатын салық мөлшері жұртшылықтың назарына ұсынылды.

Жүздесуде аудан әкімі газ жеткізу төңірегіндегі пікірін ортаға салды. Аудандық мәслихат хатшысы Көлбай Данабай әлеуеті төмен ауылдардың жайына алаңдаушылық білдірсе, зейнеткер Ахметулла Үмбетов өзін толғандырған жайтты сөз етті. Сенатор Қожахмет Баймаханов көпшілік қозғаған денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелерге түсініктеме жасады.

Мұндай кездесу түс ауа Қазалыда жалғасты. Жүздесуді жүргізген аудан әкімі Бақыт Жаханов баршаны ашық әңгімеге шақырды. Сенатор Мұрат Бақтиярұлы соңғы үш айда депутаттар қабылдаған заңдарды шолып өтті. Олардың қатарында салық заңы да бар. Көптен бері қозғалып жүрген аталмыш заңға жуырда нүкте қойылды. «Заң қабылдау кезінде түрлі пікірлер болды. Алайда депутаттар толық қолдады» деген сенатор алкогольді ішімдіктерге акциздік салықтың көбейгендігін атап өтті. Ел арасында сапасы күмәнді, бағасы арзан ішімдіктердің кеңінен қолданыста жүргені жалған емес. Жоғарыдағы қадам мұндайға тосқауыл қояды. Әрі қазынаға қаржы түседі.

Қожахмет Баймаханов болса «Агробизнес-2020» бағдарламасының тиімділігін алға тартты. Әсіресе бұлақ қазу шаруаларға өте тиімді. Бұған кеткен шығынның басым бөлігі мемлекет тарапынан төленеді екен. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бүкілхалықтық сыйпат алуы тиісті дейді сенатор.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**
Арал, Қазалы аудандары.

## АДАМ ҚҰҚЫҒЫ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ҚУАТЫ...

Еліміз тәуелсіздігін алып, өз алдына дербес мемлекет бола бастаған күннен-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына үлкен мән беріліп келеді. Бұған басты дәлел, Ата заңымыздың түгелдей азаматтардың құқықтарына, бостандықтарына, мүдделеріне арналғандығы. Бұл – демократиялық ашық қоғамда өмірдегі барлық құндылықтардың ішінде адам құқықтары мен бостандықтары өте маңызды болып саналатындығының айғағы. Елбасымыздың сара саясатының негізінде әрбір азаматтың құқығы ерекше қорғалады. Ол дипломатия мемлекетаралық қатынастарды қалыптастыруда ғана емес, адам құқықтары саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту мен нығайтуда да шешуші рөл атқарады.

Тәуелсіздікке қол жеткізу адамзат тарихында қаншалықты қиын болса, оны сақтап, іргесін нығайту жолындағы қиындықтарды еңсеру де оңай емес екендігі тарихтан белгілі. Өркениет көшін алға жылжытуда Елбасымыздың атқарар рөлі зор. Ел алдында бір кездері «Мен өз халқымның жолында басымды бәйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садақа ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақыты – толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың қасында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ, осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, кез келген тәуекелге барамын»,- деген Елбасымыздың халқына деген перзенттік, патриоттық сезімі осы кезге дейін аянбай атқарған іс-әрекетімен астарласып жатқандығының куәсіміз. Ол ел өмірінің алуан салалы тіршілік тынысын терең танып, қазақы қасиетті бойына сіңіріп, қиындықты байсалды әрекетпен шешкен көреген мемлекет басқарушысы. Жыл сайынғы жолдау елді бірлікке, еңбектегі табандылық, биік мақсат-мүдделерге жетелеп келеді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен 2010 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 15 жылдығына арналған "Конституция – мемлекеттің демократиялық дамуының негізі" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның өткені бәріміздің есімізде. Дәл сол Халықаралық ғылыми-тәжірибелік кездесуде құқықтық мемлекет институттары мен азаматтық қоғамды дамытуға қосқан үлесі үшін Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа Халықаралық заңгерлер одағының "Фемида" сыйлығы берілді. Мұндай сыйлық бұған дейін Ресей Федерациясының Президенті болған Д.Медведевке, Болгария Президенті П.Стояновқа берілген екен. Осыдан-ақ әлем алдында Елбасының биік беделі мен айрықша саясатын байқау қиын емес.

Әрбір мемлекеттің халықаралық саясаты мен беделі, мемлекет басшысы мен сол елдің мемлекеттік институттарының, қызметкерлерінің, өкілдерінің ұстанымдары мен іс-әрекетіне, олардың дайындығы мен мемлекетке шынайы жанашырлығына байланысты екендігі белгілі. Бұл жағынан құзырлы мемлекеттік орындар, заңгерлер, саясаткерлер Конституция аясында берілген мүмкіндіктерді жүзеге асыруда едәуір нәтижелі қызмет атқарып келеді. Елбасының ядролық полигонды жабудан бастап, басқа мемлекеттермен достық қатынас орнату ниетіндегі әлемге әйгілі көптеген бастамалары мен нақты қадамдары көңіл қуантар дәйектер. Сондай-ақ, Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықта қабылданған, қастерленетін адам құқықтарын қорғауды көздейтін барлық халықаралық келісімдерге, конвенцияларға қосылды. Конституцияның негізінде ел игілігі үшін көптеген жұмыс атқарылды. Соның ішінде Президент мемлекетіміздің тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап қысқа мерзімде еліміздің алғашқы сыртқы саясат стратегиясын бекітіп, әлемнің 150-ден астам мемлекеттерімен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Біз байқап, саралаған жетістіктер, Тұңғыш Президентіміздің мемлекетіміздің құқықтық дамуына қосқан үлесі мұнымен ғана шектеліп қалмайтындығының белгісі. Ел мерейін асқақтатып, абыройымызды арттырар игі істер жалғаса беретіндігі белгілі. Адам құқықтарын сақтау жөніндегі түйінді мәселелерді шешу – бұл әрқайсысымыздың күш салуымызға байланысты кешенді, көп еңбекті қажет ететін, мақсатты міндет. Біз барлық халықаралық құқық жөніндегі көпшілікке танылған актілерге қосылдық. Осыған байланысты, біз ешкімге Конституциямен және заңдармен бекітілген адам құқықтарын бұзуға және елдің қадір-қасиетін төмендетуге жол бермеуіміз керек. Қазіргі замандағы адам құқықтары – жалпыадамзаттық мәдениеттің қуатты бөлігі болып қала береді.

**Данияр ЖАНЗАКОВ,**
**Қызылорда облысы Сот актілерін орындау департаментінің басшысы,**
**«Заңгерлер кеңесінің» мүшесі.**

## ҰРПАҚ АЛДЫНДАҒЫ ӨЛШЕУСІЗ ЕҢБЕК

**Бейсенбі күні облыс бойынша монополияға қарсы инспекция мемлекеттік мекемесінде «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан демократиясы дамуындағы басты рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Оған қоғам, бизнес және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.**

Басқосу жиынын ашқан инспекция басшысы Әлім Аймырзаев тәуелсіз елдің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан мемлекетін қалыптастыру мен оны өркениетке қарай дамытудағы еңбегі ұшан-теңіз екенін атап өтті. Бүгінде еліміз экономикасы өсіп-өркендеген, соған орай халқының әлеуметтік-тұрмыстық ахуалы айтарлықтай жақсарған мемлекетке айналды. Мұнан бөлек, елдің саяси тұрақтылығы мен қауіпсіздігі де қамтамасыз етіліп, сыртқы байланыстар да айтарлықтай жақсара түсті. Осының бәрі де Елбасының сарабдал саясаты арқасында мүмкін болды. Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына 22 жыл. Осы егемендігіміздің әрбір жылында он жылға татитындай істерді жүзеге асырған егеменді Қазақстанды, оның Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты қазір бүкіл әлем мойындап отыр.

Сонымен қатар, дөңгелек үстелге қатысушылар да Елбасының маңызды саяси және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың бастамашысы екенін, соның ішінде Қазақстан халқының болашаққа деген ұмтылысын айғақтайтын жалпы ұлттық идеология мен стратегияны қалыптастыруда орасан зор еңбек атқарғанын, Елбасының болашақ ұрпағы алдындағы еңбегі өлшеусіз екенін тілге тиек етті.

**Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.**

## КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛДЫ

Арал ауданында Тұңғыш Президент күні кең көлемде аталып өтілді. Спорт кешенінде «НұрОтан» ХДП-ның жүлдесі үшін аудандық спартакиадада мемлекеттік қызметкерлер спорттың 7 түрінен бақтарын сынауда.

Ақиық ақын Зейнулла Шүкіров атындағы қалалық мәдениет үйінде «Қазақстан – өз елім, алтын өлкем» тақырыбында концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Ал аудандық мәдениет үйіндегі салтанатты кеш Елбасы туралы бейнебаян көрсетілуден басталды. Жиналғандарды аудан әкімі Мархабат Жайымбетов мерекемен құттықтады. Келесі кезекте бір топ мемлекеттік қызметкерлер ант қабылдады. Мереке қарсаңында түрлі сала озаттары марапатталды.

Тұңғыш Президент күнін қазалылықтар да мол тартумен қарсы алды. «Жеңіс» саябағында орналасқан мәдениет орталығында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған көрмені көпшілік қызыға тамашалады. Қашанда жаңалықтың жаршысындай мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі бұл жолы да кештің жоғары деңгейде өтуіне зор үлес қосты. Салтанатты мерекеде жұртшылықты құттықтаған аудан әкімі Бақыт Жаханов елімізде, Сыр өңірінде атқарылып жатқан игі істерді атап өтті. Мұнан соң еңбегімен дараланғандар марапатталды.

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,**
Арал, Қазалы аудандары.

## ЕЛ МЕРЕЙІ ТАСЫҒАН КҮН



Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне орай Қармақшы ауданында өткен салтанатты жиынды аудан әкімі Н.Шамұратов ашып, еліміз тәуелсіздік алғалы бері Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясаты арқасында бүгінде әлем таныған, экономикасы барынша дамыған Қазақстанның қол жеткізген жетістіктері, сондай-ақ, ауданда өңір тұрғындарының әлеуетін көтеруге байланысты атқарылып жатқан іргелі істер жайлы баян етті.

Жиын барысында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес биылғы жылғы сайлау қорытындысымен сайланған ауыл әкімдері салтанатты түрде ант қабылдады.

Салтанатты жиын барысында слайд арқылы елімізде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар жайында бейнефильм көрсетілді. Сондай-ақ, аудан тұрғындары аудандық орталық кітапхана ұйымдастырған «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» тақырыбындағы Елбасымыздың әр жылдары жазған кітаптары мен Елбасы туралы жазылған шығармалар көрмесімен танысты.

Салтанат соңында аудан өнерпаздары ән мен биден шашу шашты.

**Е.АҚҚАЛИҰЛЫ.**
Қармақшы ауданы.




● ШАРА

**Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Кемеңгер Елбасы – ырысы елімнің» атты мерекелік шара өткізілді.**

## КЕМЕҢГЕР ТУРАЛЫ КІТАП КӨРМЕСІ

Елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, абыройын асырған азаматтың ғибратты ғұмыры, кісілік келбеті жайлы кең көлемде «Тәуелсіздік ата-бабам аңсаған», «Елбасы – кемеңгер көшбасшы» кітап көрмелері ұйымдастырылды.

Шара Қызылжарма ауылдық клубының кең сахнасында өткізіліп, қалың оқырманға мерекелік көңіл күй сыйлады. «Елбасы – елдің тірегі, Астана – елімнің жүрегі», «Ой бөлістім халқыммен», «Елбасы сыныптастары», «Ел мен Елбасы» атты виртуалды кітап көрмелері арқылы ғасырлар тоғысында ата-бабалар аңсаған азаттықтың алауын жағып, Тәуелсіздіктің тұсауын кескен, қазақ жұртын әлемге бейбітсүйгіш ел ретінде танытқан Елбасының балалық шағы, сыныптастары жайлы естеліктер, Елордамыз Астана және Елбасының толассыз еңбегінің арқасында ғасырда жасалатын ғаламаттардың екі онжылдықта жүзеге асырған толағай еңбектері жайлы жазылған туындылары мен Тәуелсіз Қазақ елінің жарқын істері мен тірліктерін баяндайтын хроникалық бейнеслайд көрсетілді.

Мерекелік шараға қатысқан Қызылжарма ауылының әкімі Жақсылық Ержанов елімізде екінші рет тойланғалы отырған Президент күнінің маңыздылығына тоқталып, жұртшылықты осы қуанышты күнімен құттықтады.

**Райхан СИСЕКЕЕВА,**
**Қызылорда қалалық кітапханалар жүйесінің әдіскері.**




СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Бүгінде жас болса да, белгілі режиссер атанған жерлесіміз Рүстем Жарасқанұлы Әбдірашев есімі көпшілікке жақсы таныс. Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың шығармалары негізінде «Балалық шағымның аспаны», «Отты өзен», «Теміртау» кинотуындыларын өмірге әкелген Рүстем елге таныла бастады.**

**Жақында Сыр еліне арнайы сапармен келген «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер, режиссер Рүстем Әбдірашевпен сұхбаттасудың сәті түсті.**



## Кинорежиссер Рүстем Әбдірашев:

# «ЕЛБАСЫМЫЗ ЖАЙЛЫ КИНОТУЫНДЫНЫ ұрпақтарға ұлағат етуді мұрат тұттым»



*– Рүстем, туған топырағыңа басқан қадамың құтты болсын. Әңгімемізді сені Сыр аймағы тұрғындарына таныстыру үшін өмірдерегіңнен бастасақ.*

– Киелі Арал топырағы – менің ата-бабамның, ақын әкем Жарасқанның кіндік қаны тамған жер. Содан да Сыр еліне бас иемін. Ал, мен өзім 1970 жылы Алатау баурайындағы Алматы қаласында дүние есігін ашыппын. Кеңес заманы кезінде Алматы қаласында Социалистік Еңбек Ері Р.Нұртазина басшылық жасайтын жалғыз-ақ №12 қазақ орта мектебі болды. Жүрегі өмір бойы «қайран, қазағым-ай» деп соққан әкем Жарасқанның ықпалымен осы мектептен дәріс алдым. Бала кезден белгілі ақын-жазушылардың шығармаларын жата-жастана оқушы едім. Әсіресе, Мағжан ақын жазбалары менің жүрегіме мәңгілікке жазылып қалған.

Алматыдағы көркем-сурет училищесінен білім алған соң Мәскеудегі Бүкілодақтық мемлекеттік киностудиясынан дәріс алып, кинорежиссері мамандығын иелендім. Айтқандай, заңгерлік мамандығым тағы бар.

*– Ендігі сөз кезегін шығармашылық жолыңызға берсек.*

– Менің өнердің өрнекті жолына түсуіме белгілі режиссер Сатыбалды Нарымбетов ағамыздың ықпалы зор болды. Өйткені, мен еңбек жолымды осы ағамның студиясында суретші болудан бастадым. Бертін келе Сатыбалды ағамыз актерлікке баулып, фильмдерге де түсе бастадым. Уақыт өте келе қазақ халқының тарихын зерттеп, ел-халықтың басынан өткен сол бір зұлмат жылдарды көгілдір экранға шығаруға ұмтылыс жасадым. Өмірден мезгілсіз кеткен әкемді аңсап, оның «Қаладан келген қыз» поэмасы негізінде осы аттас фильмді өмірге әкелдім. Жарасқан әкемді қайта тірілтіп, балалық парызымды өтегенім бар.

«Әке көрген – оқ жонар» дегендей, шығармашылық жолына түсіп, уақыт өте келе тарихи тақырыптағы «Құрақ көрпе», «Сталинге сыйлық» атты көркем фильмдерді көрермендер назарларына ұсынып, соқпақты да тоқпақты өнер жолына бет бұрдым. Бүгінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы «Балалық шағымның аспаны», «Теміртау», «Отты өзен» кинотуындылары эпопеясын түсіріп, қуаныш құшағына кенеліп жүрген жайым бар. Жақында туған топырағымның тұрғындарына осы эпопеяның алғашқы туындысы – «Балалық шағымның аспаны» фильмін көрсеттік.

*– Сәті түскен сұхбатта осы фильм жайлы бүкпесіз баян етсеңіз? Өйткені, сіздің Елбасымен талай жылдар бойы тілдескен бақытты күндеріңізді білгіміз бар.*

– Өздеріңізге мәлім, еліміз осыдан 22 жыл бұрын өз тәуелсіздігін алып, бүгінде әлемге әйгілі елдер қатарынан орнықты орнын алды. Еліміздің еңсесін тіктеп, егемендігімізді дүние жүзіне паш еткен еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының еңбегі өлшеусіз. Елбасымыздың есімі қазақ тарихының парақтарына алтын әріппен жазылып жатқанына қалайша қолдау жасамасқа, қалайша бүгінгі және келер ұрпақтарға ұлағат етпеске. Содан да Елбасымыз жайлы кинотуынды жасауға тәуекелге бел буып, ұмтылыс жасадым. Алла сәтін салды.

Елбасының балалық бал дәурені мен жалынды жастық шағынан сыр шертетін «Балалық шағымның аспаны» фильмінің түсірілімі 2011 жылы басталып, өткен жылы көрермендер көзайымына айналды. Бұл фильмде Елбасының дүние есігін ашқан кезінен айтулы азамат болған шағына дейінгі өмірі суреттелген. Картинада атам қазақтың салт-дәстүріне кеңінен орын берілген. Бағзы заманнан бері келе жатқан осы бір дәстүрмен Әбіш әке мен Әлжан ана Райымбек бабаның басына түнеп, Алладан перзент беруін тілейді. Сол түні Әлжан ана түс көреді. Түсінде теңіз түбінен көмкерілген ұзын мылтықты алып шығады. Бұл түсті ауылдағы қарт сәуегей: «Ұлды боласың. Ұлыңның ғұмыры ұзақ, бірақ күрес пен қиыншылыққа толы болады» деп жориды. Айтса айтқандай, арада азғантай ғана уақыт өткенде Әлжан ана құрсақ көтеріп, өмірге Нұрсұлтанды әкеледі. Ауыл адамдары баланы еркелетіп, оның есімін Сұлтан атайды.

Сұлтанның балалық шағы Сталиннің қатал саясаты орныққан жылдармен тұспа-тұс келеді. Елімізге өзге ұлттар мен ұлыстың өкілдері үдере көшіп келе бастайды. Қазақ халқы оларға қайырымдылық жасап, аяқтарынан тік тұрып кетулеріне жағдай туғызады.

Көкпар тартқанда өз қатарластарына дес бермейтін Сұлтан бала күнінен ұшқыш болуды арман еткен. Оның көкке деген құштарлығы өзі туып-өскен Үшқоныр жайлауының аспанында әрі-бері қалқыған ұшақтарға қараудан бастау алады. Содан да ол авиация саласы бойынша оқуға қабылданады. Оның бұл талпынысына ата-анасы қарсы емес еді, десе де, Сұлтан отбасын жалғызсыратып тастап кеткісі келмейді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол, фильмде отбасындағы бірлік, балаға деген ата-ана махаббаты, Сұлтанның балалық шақтағы бал дәурені, кеңестік заманда өмір кешкен қазағымның өмірі боямасыз баян етіледі.

Жоғарыда айтқандай, осы киноэпопеяның жалғасы «Теміртау», «Отты өзен» кинотуындылары да өмірге келді.

*– Осы фильмдер туралы да қысқаша айта кетсеңіз?*

– Бұл фильмдердің 1-желтоқсан – еліміздің Тұңғыш Президенті күні Қазақстандағы барлық кинотеатрлар мен теледидарларда тұсауы кесіледі. Сонда көресіздер де, талғам таразысына саласыздар.

*– Елбасымыз көрген болар?*

– Күні кеше ғана көрсетілім жасалды. Елбасымыз кинотуындыға асқан ризашылығын білдіріп, көрсетілімге қолдау жасады.

*– Кезінде сіздің «қазағым» деп соққан жүрек лүпілімен атышулы Желтоқсан оқиғаларына қатысқаныңыз жайлы естігеніміз бар еді. Сөз орайы келгенде сол жайлы да айта кетсеңіз?*

– Желтоқсан оқиғасы кезінде мен 16 жасар едім. Жоғарыда айтқандай, күн-түн көз ілмей, белгілі ақын-жазушылардың шығармаларын жата-жастана оқыған менің жүрегіме «қазағым» мәңгілікке жазылып қалған. Қойныма Мағжан мен әкем Жарасқанның қайран қазағым туралы жазбаларын тығып келіп, алаңдағыларға таратқанмын.

Айтқандай, ақ қағазға қолжазбамен түсірілген өлеңдерді өзім дауыстап оқып жатқанымда полицейлер жүгіре жетіп келмесі бар ма? Ақ қағазды аузыма салып, жұтып жібергенім бар.

*– Ендігі сөз кезегінде өнер саласындағы еңбегіңіз еленіп жүр ме, жоқ әлде?..*

– Мен өз-өзімді мадақтаудан бойымды әсте аулақ ұстаймын. Десе де, сұраған екенсіз, азынаулақ алған марапаттар жайлы айта кетсем, артықтық етпес. Тұңғыш туындым – «Қаладан келген қыз» фильмі жыл сайын өтетін «Шәкен жұлдызы» фестивалінде бас жүлдені иеленсе, «Құрақ көрпе», «Сталинге сыйлық» фильмдері негізінде республикалық қана емес, халықаралық сыйлықтарды жеңіп алды. «Дарын» жастар сыйлығының лауреатымын, «Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер» атағым да бар. Ең басты марапат – ел-халқымның алғысы. Осы алғысты арқалаумен ғұмыр кешсем деп жүріп келемін.

*– Сөз соңында алдағы жылдардағы шығармашылық жоспарларыңыз жайлы айтсаңыз?*

– Алдағы уақытта қазақ тарихын зерттеп, осы тақырып төңірегінде түсірілімдер жасамақпын. Сондай-ақ, Шыңғыс хан туралы көркем фильм жасауға ұмтылыс жасап, жоспарлы жұмыс жүргізіп жатқан жайым бар.

*– Әңгімеңізге рахмет!*

Әңгімелескен:
**Еркін ӘБІЛ.**








# ТАРИХҚА АЙНАЛҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ СӘТТЕР

**Осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын туған топырақ төсінде бостандық байрағы желбіреді. Содан бергі кезеңде әлемдік аренада өзінің орнын еншілеген Қазақстанды биік белестерге бастап, талай асуларды артта қалдырған Ұлт Көшбасшысы, Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың сіңірген еңбегін айрықша айта кету лазым.**





Әрбір мемлекеттің қалыптасу жолдары оңайға соқпайды. Бұл жағдайда ел басқарған азаматтың еңбегі орасан. Біз, Қазақстан жұртшылығы, осы орайда Елбасымыздың ерен еңбегін әрдайым тілге тиек етіп, әлі де еліміздің жоғары шыңдарға беттей түсетініне үлкен үмітпен қараймыз. Жиырма жылдан астам уақыттан бергі шақта қандай қиындықтар кездесті, қандай қуаныштар көпшілікті көзайым етті? Бұл жөнінде қолға қалам ұстаған журналистер қауымының айтары аз емес. Егемендік алған елең-алаң кезеңде Елбасымен бірге талай сапарларда серік болған әріптестеріміз көптеген қызықты әңгімелерді термелей жөнеледі.

Кезінде республикалық телеарнада қызмет жасап, көрермен көзайымына айналған Ержан Уәйісті көзіқарақты көпшілік тележурналист есебінде жоғары бағалайды. Сан алуан қызықты хабарды халықтың назарына ұсынып, үлкен мен кішінің жылы ықыласына бөленген қалам иесі сонау бір жылдарда Түркия жерінде қызмет атқарды. Түбі бір туысқан мемлекетте журналистік жұмысты да, дипломатиялық қызметті де қатар алып жүрді. Елбасының сол елге барған сапары барысында талай мәрте жанынан табылып, қаншама тарихи оқиғалардың куәгері болды. Бүгінгі күні құнды дүниеге айналған көптеген суреттер сол кезеңнен қалған тарихи дүниелер болып табылады. Қазір облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы қызметін атқаратын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі тележурналист ағамыз осылайша еліміздің шежіресін жазуға белсене атсалысты.

– Өмір жолымда Елбасымен дидарласып, қаншама мәрте сұхбат құрдым, – дейді Ержан ағамыз өткен шаққа ойша оралып. – Оның әрбірі де естен кетпес кездесулер болды. Суретке түсірдім, қаншама мақалалар жазылды. Сол дүниелердің әрбірі елдің игілігіне айналып жатса, маған одан артық қуаныш жоқ.

Ерекең бізбен сұхбат барысында біз үшін беймәлім сан алуан оқиғалар жайында кеңінен әңгімелеп берді. Бірқатар суреттерді түсіру тарихына тоқталып өтті. Журналисттің мұрағатынан алынған сол дүниелер кім-кімнің де қызығушылығын туғызады деген ойдамыз.

Алғашқы сурет 1991 жылы түсіріліпті. Желтоқсан айының 1-і. Бүкілхалықтық тұңғыш Президент сайлауы күні. Осы бір саяси оқиға барысында Елбасыдан Ержан ағамыз сұхбат алған екен. Фотоаппарат таспасына іліккен сол бір сәт әлі күнге дейін қаламгердің есінде сол күйінше сақталып қалған. Одан кейінгі сурет одан екі жылдай бұрын түсірілген. 1989 жылдың 22 маусымында Орталық комитеттің пленумы өткізіліп, Нұрсұлтан Назарбаев бірінші хатшы болып тағайындалды. Сол күні түстен кейін ол кісі Алматы қаласындағы орталық мешітке барады. Алланың үйінде қазақ халқының тілеуін тілеп, ата-бабалар рухына арнап құран оқытты. Бұл сәтте журналист есебінде қасында болған ағамыз Елбасыдан сұхбат алды. Германиядағы Азаттық радиосының басшысы, ұлт жанашыры Хасен Оралтаймен хабарласып, хабар дайындаған екен.

– Халықаралық радио қызметкерлері аталмыш хабар барысында «Қазақстан коммунистік партиясының басшысы Нұрсұлтан Назарбаев мешітте болып, құран оқытып, Аллаға сыйынды» деп жаһандағы жұртқа жар салды. Көп ұзамай Қазақстан өз алдына тәуелсіз ел атанды. Осылайша қуанышымыз ұзаққа созылды, – дейді Ержан ағамыз сол бір сәттен сыр шертіп.

Одан кейінгі суреттің де өзіндік тарихы бар. Ол кезде қарапайым адам шетелге шығуды онша армандай бермейтін. Президентімізбен бірге Ерекең 1991 жылы Қытай елінің Шыңжаң аймағына сапарлап қайтты. Елбасының Қытайға тұңғыш ресми сапары барысында көптеген мемлекет және қоғам қайраткерлері болған. Бұл сапарда Ержан ағамыз Қазақстан Президентінен сұхбат алған. Одан кейінгі суреттің де өзіндік мәні бар екені анық. Тағдырдың талайымен әлемнің әр қиырына тарыдай шашырап кеткен түбі бір түркі жұртының бір өкілі – түріктер қашанда атажұрттағы қазақ бауырларын құшақ жайып қарсы алып жатады. 1992 жылдың 27 қазанында Елбасымыз аталмыш мемлекетке барды. Дәл сол күні Түркияның астанасы – Анкара қаласында Қазақстан елшілігінің ғимараты ресми түрде ашылды. Бұл маңызды шараға Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевпен бірге Түркия Президенті Тұрғыт Өзал да арнайы келіп қатысты. Сондай-ақ, аталмыш ашылу салтанатына сол кездегі Түркияның Премьер-министрі Сүлеймен Демирел де келді. Бұл оқиға барысынан Ержан ағамыз арнайы репортаж әзірлеп, Елбасыдан сұхбат алды. Салтанатты шараға қатысушылар естелікке суретке түсті. Арада екі күндей өткенде Түркия Республикасының Ұлттық күніне орай біздің Елбасымыз бастаған Қазақстан делегациясы қатысты. Делегация құрамында Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов та болды.

Арада бір жылдай өткенде, 1993 жылдың 9-11 сәуір күндерінде Түркия Президенті Тұрғыт Өзал Қазақстанға ресми сапармен келді. Сол сапар барысында екі елдің басшылары түбі бір түркі жұртының ортақ бесігіне айналған Түркістан қаласында болды.

– Сол сәттерде мен де Түркиядан делегация құрамында бірге келдім, – дейді ағамыз әңгімесін одан әрі өрбітіп. – Бұл тарихи оқиға барысында екі елдің де Президенттерінен сұхбат алдым. Сұхбат Қожа Ахмет Яссауи кесенесі жанында алынды.

Қазір бұл дүниелердің барлығы өткен күннің бейнесі болып табылады. Тәуелсіздіктің туын тіккен елең-алаң шақта Елбасымыз халықтың қамын ойлап, көптеген маңызды шараларға белсене қатысты. Сол маңызды оқиғаларды телевидение бейнетаспасына жазған Ержан ағамыз бүгінгі ұрпақ үшін құнды дүниелерді дайындады. Сондай-ақ, олардың көпшілігін суретке де түсіріп алды. Оның әрбірінің сырына үңілсеңіз, өздігінен сөйлеп кетері сөзсіз.

**Әділжан ҮМБЕТ.**

# Сайлау ісінің АКАДЕМИГІ

**Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне ересен еңбек етіп жүрген ағаларымыз аз емес. Солардың бірі де бірегейі – кезінде комсомол, кеңес, партия, ішкі істер органдары мен облыс әкімдігінде табаны күректей 10 жыл қалтқысыз қызмет еткен Қожамжар Ыбырайұлы Наурызбаев. Бүгінде Қожекең облыстық сайлау комиссиясының хатшысы қызметін абыройлы атқарып келеді. Сыр елінің тұрғындары оған «Сайлау ісінің академигі» деген ат қойып, айдар таққан. Содан да Қожамжарды білмейтіндер кемде-кем болар.**



Қожамжар Ыбырайұлы Арал ауданының кезіндегі Шижаға ауылдық кеңесіне қарасты теміржол бойындағы №84 бекетте дүние есігін ашады. Әкесі Ыбырай ақсақал осы бекетте теміржолшы, станса кезекшісі болып, 1989 жылы дүние салды. Ыбекең – Ұлы Отан соғысының ардагері еді.

– Әкем марқұм, – дейді бізбен әңгіме үстінде ағамыз, – «Елің үшін адал қызмет етерсің. Наурызбай атаңның атына кір келтірме, қайта оның атын шығаруға күш-жігеріңді жұмса» деген аманатын қайта-қайта айтушы еді. Шүкір, әке аманатын арқалап келемін.

1959 жылы Сексеуіл стансасындағы №423 теміржол мектебінен орта білімдік дәріс алған ол Қызылордадағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтының физика және математика факультетіне оқуға түсіп, оны ойдағыдай бітіріп шығады. Ол кезде еліміздің қай жерінде маман жетіспейді, сол жерге жіберетін. Қожекең Сейілхан Орекешев, Аралбай Құрманбаев, Сыдық Бошанов есімді достарымен Шығыс Қазақстан облысына жолдамамен қызметке жіберіледі. Сонымен еңбек жолы Күршім ауданына қарасты Черняевка ауылындағы орыс-қазақ орта мектебінде физика және математика пәндерінің оқытушысы болудан бастады.

– Мектеп директоры, – дейді Қожамжар, – Багенов Қабділәшім деген өте жақсы азамат еді. Алғашында осы кісінің үйінде жатсам, кейіннен Жақия ағай мен оның жұбайы Нахан апайдың өнегелі отбасында болып, туған баласындай тәлім-тәрбие алдым. Олардың менің маңдайымды сипаған алақан жылуы бүгінгі күнге дейін кеткен жоқ, кетпейді де. Айтқандай, 2008 жылы 40 жыл өткен соң жан жарым Күлбарам екеуміз осы отбасына барып, Нахан мен Күлзипа апайлардың құшағына кенеліп, сағымданған сағынышымызды басып қайттық.

1965 жылы Күршім ауданынан Марқакөл бөлініп, өз алдына аудан болды. Осы жылдың желтоқсан айында аудандық комсомол комитетінің бірінші конференциясы өткізіліп, Қожамжар аудандық комсомол комитетінің екінші хатшылығына сайланады. Шығысқазақстандық жастармен үш жыл қызмет еткен Қожекенді туған ауыл топырағының ыстығы тартады да тұрады. Ол 1968 жылы елге оралып, алдымен Қармақшы ауданындағы №105 орта мектепте мұғалім, бертін келе №199 мектепте директордың орынбасары қызметтерін атқарады. Білімді де білікті, жастық жігерлі жігіт басшылардың назарына ілігіп, облыстық комсомол комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімі меңгерушісі қызметіне тағайындалады.

1972-1977 жылдар аралығында облыстық атқару комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінде аға нұсқаушы болып қызмет атқарып жүргенде облыстық партия комитетінің бюро отырысы оны ішкі істер органына жібереді. Осы салада 15 жыл бойы қызмет еткен, атап айтар болсақ, еңбекпен түзеу колониясында бастықтың орынбасары, №1 арнаулы комендатураның бастығы, өрттен қорғау саласы қызметтерін атқарады. Бертін келе облыстық кеңесте жауапты қызметкер, облыс әкімшілігінде мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімінде аға нұсқаушы, сектор меңгерушісі қызметінде болған Қожекеңнің өмірдерегінің молдығына қайран қаласыз. Ұзын сөздің қысқасы сол, ол 2002 жылы облыс әкімінің шешімімен Төтенше жағдайдағы штабтар жұмыстарын ұйымдастыру жөніндегі мемлекеттік мекемесінің бастығы қызметіне тағайындалып, осы жұмыста 2012 жылдың қараша айына дейін алғаусыз атқарған.

Қожамжар Ыбырайұлына:

– Сізді Сыр аймағында білмейтін адамдар кем де-кем болар. Облыстың қайсыбір аулына барып сіз туралы сауал тастасақ, «ол кісі – сайлау ісінің академигі ғой» деген жауап аламыз. Осы жайлы бүкпесіз баян етсеңіз? – деген сауал тастағанымыз бар.

– Мен сайлау ісінің академигі деп екі кісіні айтар едім, – дейді Қожекең. – Олар кеңестік замандағы облыстық атқару комитетінің ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушісі қызметін 20 жыл бойы атқарған Жиенбаев Әліпбек пен осы бөлімнің қызметкері Смағанбетов Қалжан (екеуі де бұл дүниеден озған) болатын. Мен осы ағалардан дәріс алдым, Әлекең сайлау туралы заңды жатқа айтатын.

Қожекеңнің пайымдауынша, ол кездегі сайлау науқанының шаруасы шаш етектен болған. Сайлау бюллетеньдерін әзірлеу үшін баспаханада түнейтін кездер де болатын. Қолдан терілген сайлау бюллетеньдерінің қатесін түзеу соншалықты қиын болды. Қате кетті екен, партиялық жаза «күтіп» тұратын.

Қожамжар – сонау 1972жылдан бері, яғни, 40 жылдан астам уақыт бойы сайлау ісімен тікелей араласып келе жатқан бірден-бір тұлға. Қараңыз, ол кісі Кеңестер Одағы кезіндегі сайлауды айтпағанда, 1990 жылғы 25-наурыздағы XII шақырылған кезіндегі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен ҚР Парламенті Мәжілісінің – жеті, Сенатының, ҚР Президентінің – бес, сондай-ақ, жергілікті мәслихаттар сайлауының бесеуіне қатысса, 2006 жылдан бүгінге дейін аудан мен ауыл әкімдерінің 25 сайлау өткізілуіне атсалысыпты. Бұған елімізде биылғы жылы алғаш рет өткізілген әкімдер (146 округ) сайлауын қосып көріңіз, қайран қаларыңызға бек сенімдемін. Жоғарыдағы сайлауларды өткізу барысында Қожекең жоғарғы органдардан бірде-бір ескерту алмаған, керісінше мақтаулар мен алғыстар жеткілікті. Содан болар, ол сайлау ісінің академигі, кәсіби шебері деуге болады.

Көп жылғы жемісті еңбегіне орай комсомолдағы атқарған қызметі үшін БЛКЖО-ның «Комсомолдағы ересен еңбегі үшін» төсбелгісімен, одан бергі ішкі істер органдарындағы қызметі үшін II және III дәрежелі «Қалтқысыз қызметі үшін» медалі мен Ішкі істер министрлігінің екі мәрте Құрмет грамотасымен марапатталған. Сондай-ақ «ҚР Конституциясының 10 және 20 жылдығы» мерекелік медальдарын иеленіп, Республика Президентінің құттықтауы, облыстың екі мәрте Құрмет грамотасы Орталық сайлау комиссиясы тарапынан төрт мәрте Алғыс хатымен марапатталуы жайдан-жай болмаса керек. Айтқандай, Қожамжар – Арал ауданының құрметті азаматы.

– Облыс басшылығы мен облыстық мәслихат депутаттары сенім артса, – дейді Қожекең, – әрі қарай сайлау ісіне қатысудан қашпаймын. Іскер де білікті облыстық сайлауком төрағасы Қорғанбек Қайроллаұлымен бірге қызметтес болу – мен үшін мақтаныш.

Қожекең комсомолдың ғана ардагері емес, ішкі істер органдары мен төтенше жағдайлар мекемесінде ондаған жылдар бойы қалтқысыз қызмет еткен. Кейде олардың өз мерекелерінде ескермей қалуы қынжылтады.

– Еңбегімді бағалап жүрген ел-халқым мен облыс басшылығына ризамын. Құдайға шүкір, 2 ұл мен 2 қыз өсіріп, жұбайым Күлбарам екеуміз сегіз немерені шөпілдете сүйіп отырған жағдайымыз бар, – дейді ол.

Бүкіл ғұмырын елге, елдің қоғамдық-саяси өміріне арнаған ардагер ағамыздың өмірі осындай өнегелі.

**Еркін ӘБІЛ.**

# ҚЫЗМЕТ ЭТИКАСЫН САҚТАУ – НЕГІЗГІ МІНДЕТ

Егемендік алған күннен бастап еліміздің алдында жаңа мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыру міндеті қойылғаны белгілі. Елбасы 2011 жылдың 21 шілдесінде Мемлекеттік қызметтің жаңа моделі тұжырымдамасын бекітіп, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Енді мемлекеттік қызметшіні азаматтармен қарым-қатынаста сыпайылық және әдептілік танытуға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрмет көрсетудің үлгісі болуға, кадрларды туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша іріктеу мен орналастыру жағдайларына жол бермеуге міндеттейтін нормалар нақтыланған.

ҚР «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңына мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы нормалар енгізіліп, қазір ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы айқын сипатқа ие болды.

Мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға Ар-намыс кодексі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың енгізілуі мемлекеттік қызметтегі тұлғаның өзіне қояр талабын күшейтуге және халықтың сенімін көтеруге мүмкіндік береді. Қызметтен тыс уақытта да мемлекеттік қызметшілер жалпы қабылданған этикалық нормаларды ұстануды, қоғамдық тәртіптің бұзылуы жағдайларына жол бермеуді, сыпайылық көрсетуді, қандай да бір қызметті атқару барысында лауазымдық жағдайларын көрсетпеуді және пайдаланбауды, қоғам тарапынан өз әрекеттеріне дәйекті сындар үшін себеп бермеу керектігін ұмытпағаны дұрыс. Заңға сәйкес мемлекеттік қызметші мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті болса, Ар-намыс кодексіне енгізілген өзгерістерге сәйкес олар өздеріне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, оны ұтымды әрі тиімді және тек қызметтік мақсаттарға пайдалануға тиіс екені айқындалған. Мысалы, мемлекеттік қызметте жүрген немесе соларға теңестірілген бірқатар лауазым иелері мемлекет тарапынан мемлекеттік функцияларды тиімді орындау үшін өздеріне сеніп тапсырылған автокөліктерді жеке мүдделеріне пайдаланатындығы жасырын емес. Қызметтен тыс уақытта мемлекеттік меншіктегі автокөліктер балабақша, сауда орталықтары, ойын-сауық кешендері, тойхана секілді ғимараттардың жандарында тұратындары жүргізіліп жатқан рейдтік іс-шаралар нәтижесімен анықталуда.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексі» (Мемлекеттік қызметшілер этикасының қағидалары) әдептілік пен моральдық этикалық талаптарды насихаттайтын нормативтік актінің бірі болып табылады. Аталған құқықтық актіде мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қойылатындығы, қызметшілердің жалпы қағидалары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқы, көпшілік алдында сөйлеу мен қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы талаптарын айқындайды.

Ар-намыс кодексін және әдептілікті насихаттау мақсатында департамент-тәртіптік кеңеспен тақырыпқа қатысты қала және аудандарда өңірлік оқу орталығымен бірлесіп семинар-кеңестер, дөңгелек үстел, брифингтер мен түрлі шаралар өткізілуде.

**Тимур ИБАЙДИЛДАЕВ,**
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің инспекция және бақылау бөлімінің консультант-инспекторы.**

АКЦИЯ

# «ХАЛҚЫМ, ЗАҢДЫ БІЛ!»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің басты Заңы Конституцияның кепілі ретінде азаматтардың конституциямен жария етілген құқықтарын қорғау мәселесіне айрықша мән бере отырып, «Қазақстан-2050» Стратегиялық бағдарламасында негізгі бағыттардың бірі ретінде айқындап берді.

Осы орайда, Қармақшы аудандық прокуратурасы азаматтардың құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында, мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған аудан тұрғындары арасында «Нұр Отан» партиясы және жергілікті атқарушы органдары өкілдерінің қатысуымен «Халқым, Заңды біл!» атты құқықтық акция өткізді.

Аудан прокурорының бастамасымен қадағалау аумағында орналасқан кент және 12 ауылдық округтер әкімдерінің және жергілікті уәкілетті мемлекеттік органдардың басшылары мен өкілдерінің қатысуымен халықпен кездесулер өткізілді. Бірлескен кездесулер кестеге сәйкес Қуандария ауылдық округінен басталып, Жосалы кентінде аяқталды. Аталған акция барысында «Нұр Отан» партиясы, құқық қорғау органдары мен жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен халық арасында заң түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, онды нәтижеге қол жеткізілді.

Халықпен кездесу барысында азаматтар тарапынан өздерін толғандырып жүрген сұрақтар қойылып, құзырлы органдардың тарапынан қанағаттанарлық жауаптар берілді. Атап айтқанда, ауыл тұрғындары өтініштерінің көпшілігі негізінен жер қатынастарын реттеу, баспана, жұмыссыздық, шағын бизнес ашуға несие алу, тұрақты жұмыс табу тұрғысында болды. Аудан прокуроры Балтабай Сариев осынау сан сауалдарға түсіністікпен жауап беріп, кеңестерін айтты.

Акция аясында прокуратура қамқорлығындағы әлеуметтік тұрмысы төмен 6 отбасына көмек көрсетіліп, олар азық-түлікпен, ал бір жанұя жылу маусымына қажетті көмірмен қамтамасыз етілді.

**А.ӨМІРЗАКОВА,**
**Қармақшы ауданы прокурорының көмекшісі.**

ҒЫЛЫМ КӨКЖИЕГІ

**Арал топырағындағы Бөген жерінде туып, теңіз жағалап, көк толқынмен жарыса ойнап өскен қара домалақ бала, бүгінде елге белгілі ғалым, азамат, ұстаз. Жерлесіміздің ғылымдағы, қоғамдық өмірдегі жеткен табыстары мақтанышпен айтып, көңіл марқайтуға жарап жатса, бұл бір ғанибет емес пе!**

# ТІЛ ТАБИҒАТЫН
## таразылаған ғалым




Өткен ғасыр деп бөле атасақ та, сонау 70-ші жылдардың орта шенінде ол кездегі қазақ халқының мандайындағы жалғыз университет – КазГУ-дың филология факультетінде білім алып жатқан кезі күні кешегідей есте. Маңдайына шаң тимейтіндей көрінетін талантты деген бақытты жас жігіттер мен қыздар елдің түкпір-түкпірінен осында бас қосатын. Солардың қатарында Манасбай Қожанұлы да сол кезден-ақ өзінің тиянақты ізденгіштігімен көзге түсті. Міне, содан бері әр салада, әр тарапта еңбек етіп жүрсек те, табысты қадамдарын тілектес көңілмен қадағалап, жетістіктеріне риза болып жүретін едік. Жерлесіміздің Астана қаласынан жарық көрген комақты бір ғылыми еңбегі қолымызға тиіп отыр. Бұл кітап «Қазақ этнонимдер жүйесі» деп аталады. Қызыға қарадық, құныға оқыдық.

Ғалым: «...этноним немесе этногенез мәселесі – өте күрделі де қиын, жан-жақты ғылымдармен байланыстыра отырып зерттеуді қажет ететін, тарихи-этнографиялық, әрі философиялық, әрі тілдік проблема және қызығы мен қиындығы мол, ешкімді жайбаракат қалдырмайтын ономастиканың бір саласы» – дейді. Туған тіліміздің осындай сүбелі бір пұшпағын өзінің ғылыми бағытына тақырып етіп алып, осы салада ерінбей тер төгіп келе жатқан М.Қожанұлының көп жылғы ізденістерінің жиынтығы іспетті бұл еңбегі елеулі дүние екені, ә дегеннен аңғарылады. Ел тарихы тіл тарихымен егіз десек, «жер-судың аты – тарихтың хаты» деп таныған халқымыздың ұлттық тілінің ғасырлар қойнауынан келе жатқан мол қазынасының бір шиыр саласы этнонимдерді тарата зерттеудің арғы бастаулары ертедегі рулық қоғаммен, онан да арғы жалпыадамзаттық мәдениетпен байланысты қаралуы заңды құбылыс. Автор осы үдеден шығуды мақсат ете отырып, тақырыпты кең ауқымда алып, практикалық мақсаттарды шешу бағытында бірқатар теориялық жайларға да дендеп баруға талап жасағанын көреміз. Автордың аталған еңбегі негізінен, Қазақстанның Батыс өңірінің этнолингвистикалық материалдарын қарастыруға арналғанымен, жалпы қазақ халқының өзекті тарихи, тілдік, мәдени-рухани өміріне дендеп барып, мәселеге қатысты қазіргі ғылым дамуының жаңаша көзқарастары тұрғысынан келуді мақсат еткені аңғарылады. Еңбекте тарихи тілдік материалдар ауыз әдебиетінің деректерімен, шежірелік, тарихи жәдігерлердің сан қилы нұсқаларымен, алуан түрлі ғылыми көзқарастармен байланысты саралана отырып, этнонимдердің еліміздің бүгінгі саяси, рухани өміріндегі орнымен, яки елдің елдік рухын көтерудегі қызметімен тікелей байланыста қарастырылады.

Толымды-толымды төрт тараудан тұратын үлкен кітаптың өне бойына қазақтың рулық қоғамы мен әдеби-тілдік, тарихи-мифологиялық, шежірелік деректерінен өре отырып, автор бүгінгі ұрпаққа жеткен рулық, шежірелік атаулардың арғы астарында бабалар өмірінің қалың құпиясы жатқандығын, соны танып түсіну елдігімізді танудың бір берік тұғыры екендігін таразылауды мұрат тұтады. Айталық, ғылымда көп айтылса да, әлі күнге жүйесін таба алмай келе жатқан мәселелердің бірі – таңба жайы. Қазақтың осынау бір ауыз сөзінің түпкі табиғаты мен тұңғиық сырын түсіну қазіргі әлемдік ойдың тамыр-тамырына қозғау салып отырғаны жасырын емес. Бір ғалымдар оны білместікпен «белгі» деп алып, орыс тіліндегі «знак» сөзімен шатыстырып, сонымен қосыла өзі де адасып жүрсе, қазірде «таңба» терминсөзінің тарихи тілдік, мәдени-танымдық, генетикалық негіздерін өзгеше жүйелеу бағытын ұстанған жаңа көзқарастар да ұсынылу үстінде.

М.Қожанұлы қазақ ру таңбаларының арғы төркінін тарата келіп: «Сонымен, тіліміздегі таңба (термин) сөзінің тарихи атауы туралы деректерге хроникалық талдау жасағанымызда, төмендегідей кезеңдерді байқауға болады, – дейді.

1. белгү – атау ретінде б.з. VII-VIII ғасырлардан бастап қолданыста болған.

2. туғрағ – туғра – атау ретінде б.з. VII-YIII ғасырлардан

3. тамға – таңба атау ретінде б.з. Y-YII ғасырлардан бері

4. мүһүр – мөөр – мөр атауы XIV ғасырдан бері тарихи деректерге белгіленіп, бізге жетіп отыр» - деген уәждер келтіреді де, таңбалық белгілердің қазақтың елдік болмысындағы қызметін бүгінгі егемендік рәміздерімен байланыстыра қарайды. Бірқатар тұстарда автор сөздердің этимологиялық негіздерін саралау бағытында да өзінің ойларын батыл ұсынып отырғанын аңғарамыз. Айталық, таңба (тамға) сөзінің түп-төркінін күйдіру, өртеу, жағу ұғымындағы там (тамыздық) сөзінен таратқан А.Дж. Эмре мен А.Н.Кононов тәрізді ғалымдар пікіріне қосыла отырып, н/б дыбыстарының алмасуын тілдік метатеза құбылысына жатқызады. Қырғыз тілінде «там» - тұтану, от алу деген ойларды білдіретінін, ел арасында «Сексеуіл оты тамғанша, сексендегі шал өлер. Тамуына таз өлер, қызуына қыз өлер» деген сөз бар екендігін уәж етеді. Біз *таңба / танба* сөздерінің түп негізін тан (тану, білу) + ба (жазу, әріп) түрінде таратып жүрміз. Ғылым жолы әр алуан қисындарға жол беретіні белгілі.

Әр алуан жол демекші, Манасбай Қожанұлының еңбек жолдары да сан қилы. Ол ҚР ҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетінде, Қ.А.Йассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде, Астана медицина университетінде доцент болып, ұстаздық етті. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінде, ҚР Қорғаныс министрлігінде әр салада қызмет етіп, қай тарапта жүрсе де, туған тілдің өзекті мәселелерін талқылауға бір адамдай атсалысып келе жатқан жанашыр азамат.

**Шанжархан БЕКМАҒАНБЕТОВ,
ҚМУ-дың доценті,
филология ғылымдарының кандидаты.**

# ТАРИХ – ХАЛЫҚТЫҢ ЖАДЫ мен ЗЕРДЕСІ

Отандық тарихтың өзекті мәселелеріне байланысты келелі істің басталғанына біршама уақыт өтті. Бұқаралық ақпарат құралдарының белсенділігі арқасында қалың жұртшылық қазақ тарихының бейтаныс қырларынан біршама дерек пен дәйек алды. Алыс-жақын шет елдер мұрағаттарынан бірқатар тарихи қолжазбалар жеткізілді. Және осы сынды сан шаруа қолға алынды. Біздіңше, басым бағытты ұлттық тарихымызды зерттеу мен білікті оқытылуына беру қажет.

Осы тұрғыда ұлттық тарихты зерделеу мәселелері бойынша еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарында дөңгелек үстелдер ұйымдастырдық. Атап айтқанда, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педогогикалық университетінде, Қазақ мемлекеттік қыздар педогогикалық университетінде, Сулейман Демирел атындағы университетте, Е.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінде және де Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінде тарихшы-ғалымдар, оқытушы профессорлық құраммен және докторанттар, магистранттар, студенттер қатысуымен отандық тарихқа қатысты түрлі тақырыптарда өткізілген дөңгелек үстелдер таспаға жазылып алынды.

Аталған жоба мақсаты – ұлттық тарихты зерделеу мәселелері бойынша атқарылып жатқан жұмыстар – отан тарихын оқыту, зерттеу және жариялау бағыттарын айқындау. Яғни, бірінші міндет жоба бойынша жүргізілген жұмыстарды насихаттау болса, екіншісі – отандық тарихты зерделеу барысындағы нақты істерді өз көзімізбен көріп, таразылау. Бұл ретте ұлттық тарихымызды зерттеу мен білікті оқыту жүйесіне қоғамдық пікір қозғау арқылы өз үлесімізді қоса аламыз. Ал дөңгелек үстелдер басында талқыланған мәселелер аясындағы міндеттерді шешу кешенді жұмыс жоспары мен нақты іс-шараларға байланысты болса керек.

Сонымен жоба барысында біз көз жеткізген мәселе – бүгінгі күнгі тәуелсіздік жағдайында Қазақстан тарихын оқытуда, ғылыми тұрғыда пайымдауда қандай ұстанымдар басшылыққа алыну керек?

Мемлекеттің дамуына тікелей әсер етуші факторлардың бірі салиқалы саясат, тұрақты экономикамен қатар, ұлттық идеология екені белгілі. Ұлттық идеология қоғамды бір мақсатқа жұмылдырып, сол мақсатқа жетуде бірігіп әрекет етуге шақырады. Ұлттық идеологияны қалыптастырудың жолы көп. Соның бірі және бірегейі отандық тарихты насихаттау.

Тарих – халықтың жады мен зердесі. Шынайы ел тарихын білу арқылы тарихи сана бекиді, тарихи сана арқылы ұлттық сана қалыптасады. Бұл, түптеп келгенде, тәуелсіздігіңіздің баянды болуының кепілі.

Жоба барысында осыған көз жетті. Ұлттық тарихты зерделеу мәселелері бойынша еліміздің бірқатар жоғары оқу орындарында өткен дөңгелек үстелдерде көтерілген сан түрлі пікір-көзқарастар, ұсыныс-тілектерді тұжырымдар болсақ, төмендегіше.

Дамыған бірқатар елдер үшін тарих тәрбие құралы. Айталық, Түркияда халық үшін тарихтың маңыздылығы ұраншыл тарих, жалпы тарих, ғылыми тарих болып бөлінеді. Сабақ алар тұсымыз осы. Бізде жалпы тарих пен ғылыми тарих мәселесінде атқарылып жатқан шаруалар баршылық. Ал ұраншыл тарих, яғни жастарды тарихи тұрғыда отаншылдық рухта тәрбиелеуде жұмыстар жоқтың қасы. «Сен қазақсың, сенің асқақ тарихың бар! Тарихың тұғырлы тұлғаларға, әділ де өткір бишешендерге, ержүрек батырлаға бай! Ендеше, сен де ұлы елдің ұланы ретінде ұлтыңа қызмет ет!» – деген тұрғыда жастарды тарихи - отаншылдық рухта тәрбиелеудің жүйесін бала-бақша қабырғасынан бастап, қалыптастыру қажет-ақ.

Жоғары оқу орындарында, колледждер мен мектептерде «Тарихи туризмді» дамытудың жүйелі жоспарын жасау керек. Студенттер мен оқушыларды теориялық біліммен қатар, тарихи орындар мен мұражайларға апарып, өз көздерімен көрсетіп, сезінтудің әсер-ықпалы зор болмақ;

Тарихты жасайтын тұлғалар. «Тарих толқынында» бағдарламасы аясында университеттің профессор-оқытушылар құрамы «Тұлғатану» жобасын даярлап, оқу жүйесіне енгізу қажет;

Қазақстан тарихы пәні бойынша электронды оқу құралдарын әзірлеу керек;

Жоғары оқу орындарында ұлттық сананы, ұлттық идеяны қалыптастыру мақсатында ғылыми орталық құру уақыт талабы;

«Тарих толқынында» бағдарламасы аясында бүгінде «Өлкетану» пәнін оқыту маңызды. Және де тарихшы мамандықтарының элективті пәндері қатарына «Өлкетану» пәнін енгізуді қолға алу қажет;

Әлемдік білім беру стандартына сәйкес ағылшын тобындағы мамандықтарға «Қазақстан тарихы ағылшын тілінде» атты пәнді оқытуды енгізу керек.

Біз байқаған жайттар осы. Бұған «Сыр бойы» оқырмандарының да алып-қосары бар деп сенеміз.

**Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН,
философия ғылымдарының кандидаты.**

## Мәжбүрлі түрде есептен шығаратын жеке кәсіпкерлердің тізімі

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1755 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 330120176591 | ЕЛЕУСИЗОВ АЛМАС БАЛМУХАНОВИЧ | жоқ |
| 1756 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 330620127943 | АБДРАСИЛОВ ЕРБОЛАТ АЙТУГАНУЛЫ | жоқ |
| 1757 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 331010607617 | НАЗАРОВА КУНСУЛУ КЕКИЛБАЕВНА | жоқ |
| 1758 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 331010464723 | АСАНГАЗИЕВ КАЙРАТ КЕНЕСОВИЧ | жоқ |
| 1759 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 330610168176 | НАБИЕВ АЛМАС ТОКШЫЛЫКУЛЫ | жоқ |
| 1760 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 330710091299 | МАЛДЫБАЕВ РАХАТ | жоқ |
| 1761 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 331010768582 | ОСПАНОВА БАГДАШ | жоқ |
| 1762 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 331017863641 | Тусупкалиева Ибакыз Шариповна | 600226402592 |
| 1763 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 331012127775 | Омаркулова Мадина | 550412401414 |
| 1764 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 330910035658 | Ахметов Нурмахан Абдуллаханович | 710505302436 |
| 1765 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 331017955768 | Ногайбаев Бауржан Нурадинович | 680219301603 |
| 1766 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 331012232074 | Сагынаева Мирамкул | 601116402011 |
| 1767 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 330120181829 | Айбек шаруа қожалығы | 30764024177 |
| 1768 | Қызылорда қаласы бойынша салық басқармасы | 3310 | 331 010 376 225 | Притуляк Олег Александрович | 690708302314 |

# ҚЫЗМЕТКЕ КОНКУРС

«Қызылорда облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

**1. Қызылорда облысының құрылыс басқармасының экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы (D-O-3).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

Бөлім жұмысына басшылық жасап, бөлім мамандарының жұмысын бақылауға, басқарма басшысы тарапынан бөлімге міндеттелінген тапсырмалардың орындалуын қамтамасыз етуге; бөлімнің міндетіне жататын жұмыстарды жоспарлауға, ұйымдастыру-әдістемелік шараларды даярлау мен орындауға; бөлімнің құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға, мәжілістер мен кеңестер өткізуге; басшылықтың тарапынан өткізілетін мәжілістерге қатысуға, ұсыныстар беруге; мекеменің әкімшілік қызметін жақсарту бойынша басқарма басшылығының қарауына жобалар мен ұсыныстар енгізуге; әлеуметтік нысандары құрылысының мәселелері бойынша облыстың мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимылды жақсартуға; басқарма бойынша бюджеттік бағдарламалардың орындалу жиынтығын жасауға; әлеуметтік нысандары құрылысының қаржылық-экономикалық мәселелері бойынша қажетті талдау және анықтамалық ақпараттар даярлауға; бөлім қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында қарастырылған міндеттері бойынша бөлім қызметкерлерінің есептердің мерзімінде орындалуын бақылауға; мердігер мекемелердің атқарған жобалау және құрылыс жұмыстарына тиісті заңдылықтарға сәйкес қаржы аудару жұмыстарын жүргізуге, бюджет қаржысының тиімді жұмсалуына бақылау жасауға, бюджеттің толық игерілуіне ықпал жасауға; бөлімге азаматтардан келіп түскен арыз-шағымдардың дер кезінде қаралып, оның орындалуына бақылау жасауға міндетті.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- жоғары экономикалық немесе бухгалтерлік есеп немесе қаржыгерлік білім;
- жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;
2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;
4) жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;
5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы», Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, Салық кодексі, Бюджет Кодексі, Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы», Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ережелерін, «Мемлекеттік қызмет өткеру тәртібі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Президентінің Жарлығын және осы саладағы басқа да норматитік құқықтық актілерін білу.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Компьютерде жұмыс жасай білуі. Мемлекеттік және орыс тілдерін білуі.

Конкурс «Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Ремпубликасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді).

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:**

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің тізімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат;

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3 және 4 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының құрылыс басқармасының ғимаратында, 120001, Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев 2 тұйығы, № 1 мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап 10 жұмыс күні аралығында Қызылорда қаласы, Иса Тоқтыбаев 2 тұйығы, № 1үйде тапсырылады. Анықтама телефондары 8 (724-2) 30-71-20, 40-06-30.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының құрылыс басқармасының конкурстық комиссиясы.**

***

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

**Мал шаруашылығын дамыту бөлімінің басшысы (санаты D-O-3)**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін (Экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

Облыста мал тұқымын асылдандыру жұмыстарын үйлестіру және практикалық көмек көрсету.

Мал шаруашылығы саласына қатысты ұзақ және қысқа мерзімді аумақтық бағдарламалар әзірлеу, индикативтік жоспарларды жасау және қорытындылау.

Республикалық және облыстық бюджеттерден мал шаруашылығын дамытуға қаралған қаржының шегінде субсидиялау жұмыстарын жүргізу.

Мал өнімдерін өңдеу салаларындағы маусымдық атқарылатын жұмыстарды жүргізуді үйлестіру, аудандар бойынша мал басына және өндірілген мал өнімдеріне талдау жасау.

Асыл тұқымды мал басының түлік түріне байланысты мемлекеттік тіркелімді жүргізіп, белгіленген мерзімде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне тапсыруды ұйымдастыру;

Мал шаруашылығы саласы бойынша ғылымның соңғы жетістіктерін енгізуге басқарма басшысына ұсыныс беріп отыру;

Мал шаруашылығы өнімдерін өңдейтін шағын цехтармен кәсіпорындардың тұрақты жұмыс жасауы үшін оның шикізат көзімен байланыстыру мәселерін үйлестіру.

Мал шаруашылығы саласына жаңа технологияларды енгізу және дамытудың проблемалары, міндеттерін, шешу жолдары туралы өткізілген Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның ұсынымдарын жүзеге асыруды үйлестіру және БАҚ-ы арқылы кеңінен насихаттап отыру;

Мал шаруашылығын дамыту бөлімінің жұмыстарын ұйымдастыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар (D-O-3):**

Жоғары техникалық (инженер-механик) немесе зооинженерлік немесе ауылшаруашылық білімі.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;
2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;
3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;
4) жоғары оқу орынынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;
5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасына келесі құжаттарды тапсырады.

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш
2) Өкілетті орган белгілеген нысандағы толтырылған анкета
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010

жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижесімен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.
8) 3x4 үлгідегі 1 фотосурет.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3 және 4 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасында, индекс 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №52, мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 жұмыс күнінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған мерзімнен бастап 10 жұмыс күн аралығында Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасына тапсырылуы тиіс: индекс 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы № 52 үй № 7бөлме, анықтама телефондары: (8-7242) 23-56-11, 23-55-81.

Аталмыш лауазымға орналасқан азамат үшін шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының конкурстық комиссиясы**

***

Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы уақытша бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

**Құқықтық қамтамасыз ету, ұйымдастыру-кадрлар жұмысы және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бас маманы (негізгі қызметкердің бала күтіміне арналған демалыс уақытына санаты D-O-4).**

Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64 063 теңгеден 86 485 теңгеге дейін (Экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

- Басқарма бойынша жұмысқа қабылдау, басқа қызметке ауыстыру, еңбек демалысына, іс-сапарға шығару жөніндегі бұйрықтарын күнделікті әзірлеу;
- Басқарма қызметкерлерінің еңбек кітапшаларын уақытылы толтыру және өзгерістер енгізу;
- Жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен арыз-шағымдары туралы - 1-ОЛ есепті ай сайын тапсыру;
- Басқарманың мемлекеттік қызметшілеріне біліктілік сыныптары жөнінде еңбек өтілін белгілеу;
- Басқарма қызметкерлерінің еңбек тәртібін сақталуын бақылау;
- Басқарма бойынша өткізілетін іс-шараларды үйлестіру;
- Басқарманың жылдық, тоқсандық жоспарының жасалуын қамтамасыз ету және оның орындалуын қадағалау;
- Басқармада өтетін жиналыс, алқа мәжілістеріне ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу;
- Бөлімге келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдарына заңнамалық талаптарға сәйкес жауап әзірлеу;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі» іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету, осыған байланысты тиісті мәліметтерді мерзімінде тапсыру.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар (D-O-4):**

Жоғары экономикалық немесе заңгерлік. Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі экономикалық немесе заңгерлік білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасына келесі құжаттарды тапсырады.

1) Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
3) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы №907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижесімен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат.

Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бос лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Құжаттардың толық емес пакетін ұсыну конкурс комиссиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3 және 4 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап бес жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасында, индекс 120008, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы № 52, мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң екі жұмыс күнінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап он жұмыс күн ішінде Қызылорда қаласы, Абай даңғылы №52 үй №7бөлме мекен-жайы бойынша қабылданады. Анықтама телефондары: (8-7242) 23-56-11, 23-55-81.

Аталмыш лауазымға орналасқан азамат үшін шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасының конкурстық комиссиясы.**

***

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға ашық конкурс жариялайды:

**1. Әкімшілік-экономикалық бөлімінің бас маманы (Д-О-4 санаты, уақытша негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты демалыс кезеңіне 2014 жылдың 1 қыркүйегіне дейін).**

Қызмет атқарған жалдарына байланысты лауазымдық жалақысы 64063 теңгеден 86485 теңгеге дейін (экологиялық коэффицентті есепке алмағанда).

**Қызметтік міндеттері:**

Басқарма қызметшілерінің жеке істерін жүргізу, қызметшілердің еңбек кітапшаларына, қызмет ету тізімдеріне қажетті жазбалар енгізеді; мемлекеттік қызметшілерді оқытуды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады; кадрлық жұмыстар жөнінде басқарма бастығының бұйрықтарының орындалуын қадағалау, кадрлық жұмыстар бойынша есептерді бекітілген мерзімде уәкілетті органға тапсыру; басқармадағы аттестациялық, тәртіптік, конкурстық және мемлекеттік қызметшілердің еңбек өтілін анықтайтын комиссиялардың қызметін ұйымдастырады; мемлекеттік тіл саясатын жүргізуде жұмыстар жасайды; мұрағаттық құжаттарды әзірлеу; кіріс-шығыс құжаттарының, құжат айналымының есебін дайындайды;

Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңына сәйкес мекемелерден және азаматтардан түскен хаттарды және сауалдарды қарап тиісті жауап әзірлейді; бөлімге келіп түскен корреспонденциялар мен құжаттарды нақты мерзімде орындауды қамтамасыз етеді; тоқсан сайын бөлімнің жұмыс жоспары мен атқарылған жұмыстары туралы есепті әзірлейді.

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

Жоғары заңгерлік немесе жоғары жергілікті мемлекеттік басқару білімі.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес облыстарда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі заңгерлік, жергілікті мемлекеттік басқару білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Мемлекеттік органдармен және басқа да заңды тұлғалармен ресми ақпарат алмасуды жүргізе білу, іс жүргізу өндірісінің негіздерін білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы №06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі. (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылдың 20 наурызында №8380 болып тіркелді)

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар келесі құжаттарды тапсырады:

1) Өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
2) 3x4 үлгідегі суретпен осы өкілетті орган белгілеген нысанда толтырылған сауалнама;
3) Білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
4) Еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
5) Қазақстан республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
7) Құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті органмен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат;

Құжаттардың толық емес пакетін ұсынуы конкурс комисиясының оларды қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3 және 4 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер оны кандидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес ) жұмыс күн ішінде Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының ғимаратында, 120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би, 25 үй, 2 қабат мекен-жайы бойынша өтеді.

Конкурстық комиссияның қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру соңғы жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні аралығында Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 25 үйде тапсырылады. Анықтама телефондары 8 (724-2) 27-19-66; 27-02-18.

Аталмыш лауазымдарға орналасқан адамдар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

**Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының конкурстық комиссиясы.**




# БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Желілік қоғамдастық жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен желі дегеніміз не? Оның білім беру ұйымдары үшін маңызы қандай деген сұрақтарға жауап іздеп көрейік. Жылдам өзгеріп жатқан заманауи технологиялардың қарқынды дамуы мен әлемде ақпараттың таралу жылдамдығы желінің тиімділігін дәлелдеді. Желінің жалпы адамзат тіршілігінде маңызы артып отыр. Дербес және оқшау жұмыс стилінен гөрі, өзара тәжірибе, инновациялар мен идея алмасу арқылы білім беру ұйымдарының бірлесе жұмыс жасауы оқыту үдерісін жетілдіруге едәуір ықпалы көп. Қазіргі танда білім сапасына мүдделі тұлғалар мектепішілік және мектепаралық желілік қоғамдастықтың тиімділігін сезініп, «Білім беру желілеріне» ұйымдардың бірігуі күннен күнге артып келуде. Желілік қоғамдастықтың қажеттілігін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) да атап өтті. ЭЫДҰ жүргізген зерттеу нәтижесінде салыстырмалы талдау жасап, мынадай қорытынды жасады: «Мұғалімдер өз әріптестерімен өздері сабақ беретін пән бойынша және мазмұндас пән бойынша; бір ұйымның ішінде немесе бірқатар басқа ұйымдардың өкілдерімен; желілік кәсіби қоғамдастық шеңберінде, тәлімгерлік жүйесін көздейтін басқа да іс-шаралар аясында ынтымақтастық орната білулері керек». Білім беру ұйымдарындағы кәсіби желілік қоғамдастық негізінен тәжірибе алмасу, кәсіби даму және бірлесе үйренуді көздейтін үдеріс. Қоғамдастықтың негізгі мақсаты мұғалімдердің бірбірімен қарым-қатынасын жақсартудан гөрі, оқушылардың білім алуын жақсарту, яғни оқыту үдерісінің сапасын арттыру болып табылады. Желілік қоғамдастықта көшбасшылық және басқарушылық қабілеттермен қатар, ынтымақтаса жұмыс жасау да өте маңызды. Барлық қоғамдастықтың табысты жұмыс істеуіне желіге қатысушылардың және жетістікке қол жеткізуде шешуші рөл атқаратын көшбасшы тұлғалардың өздеріне жүктелген жауапкершілік деңгейін сезінуі кепіл бола алады. Желіде ортақ мүдде бойынша, web-форумдар, e-learning, тақырыптық топтар талқылауы, құндылықтарды біріктіру арқылы әріптес мұғалімдер жоғары стандарттарға қол жеткізуге бағытталған инновациялық тәжірибе алмасудың жаңа тетіктерін дамытады. Құрылған желінің бастапқы кезеңінде жұмыстың регламенті, тәжірибе нормалары әзірленуі қажет. Оқушылар жақсы нәтижеге жету үшін бір мектеп шегінде немесе бірнеше мектеп арасында оқыту мен оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған көптеген іс-шараларды жоспарлау, жүзеге асыру және мониторинг жүргізу үшін бірлескен топтар, сонын ішінде басшылық топтар өзгерістер енгізу бағыттындағы іс-шараларды жоспарлайды, басқарады және бақылау жүргізеді. Үйлестіруші топтар желінің әртүрлі бөлімдері арасындағы қызмет бөлінісін реттейді. Олар желі ішіндегі бірлесіп өткізілетін іс-шараларға қатысты шешім қабылдайды. Дамытушы топтар желінің даму жоспарларына басымдықтар мен қажеттіліктерді ескере отырып, оқытудың жаңа стратегияларын енгізеді, желінің дамуына ықпал етеді. Кәсіби желілік қоғамдастық мұғалімдердің заманауи технологияларды меңгеруіне тиімді деп табылған коучинг, тәлімгерлік және Lesson study, іс-әрекетті зерттеу үдерістері арқылы өз тәжірибелеріне енгізуге көмектеседі. Желілік қоғамдастық көшбасшыларға, зерттеуші-практик мұғалімдерге бір жүйе арқылы білім алуға, тәжірибелер мен идеяларға жол ашады. Желі ішінде өзара сенімділік пен сыйластық қарым-қатынас орнатуға, білім беру ұйымдарының және басшылықтың шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туындайды.



**Қызжібек ӘБДІРАМАНОВА,**
**Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда қаласындағы филиалының аға менеджері.**

**Тұңғыш Президент күні қарсаңында ҚР ІІМ мамандандырылған күзет қызметі басқармасында жаңадан келген жас қызметкерлердің салтанатты түрде ант қабылдау рәсімі өтті. Салтанатты шараның ашылуында сөз алған басқарма басшысы, полиция подполковнигі Пазылбек Нәлібаев жас полиция қызметкерлерін құттықтап, халыққа мінсіз қызмет ететіндіктеріне сенім білдірді.**

# ЖАС ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АНТ ҚАБЫЛДАДЫ



– Желтоқсанның бірінде барлық қазақстандық Тұңғыш Президент күні мерекесін атап өтеді. Сіздерді осы айтулы мемлекеттік мерекемен құттықтаймын. Мемлекет басшысы құқық қорғау саласында көптеген жаңашылдыққа бастамашы болды. Тәуелсіздік жылдарында тәуелсіз сот билігі мен заманауи құқық қорғау жүйесі қалыптасты. Егемен еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жасап жатқан еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға берекебірлік тілеймін, – деді басқарма басшысы.

Шара барысында үздік қызметкерлер марапатталып, басқарманың жеке құрамы салтанатты түрде сап түзеді.

**Айсәуле ҚАРАПАЕВА.**
Суретті түсірген
**Болат ОМАРАЛИЕВ.**

**«Теміржолсу-Кзыл-Орда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін тариф**

Теңгемен ҚҚС-сыз

| | | | |
|---|---|---|---|
| **2014 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап** | | | |
| | **Теміржол және тұтынушылардың басқа топтары** | **Теңге/ текше метр** | **464,01 теңге** |
| | **Бюджеттік мекемелер** | **Теңге/ текше метр** | **102,83 теңге** |
| **2014 жылдың 1-ші сәуірінен бастап** | | | |
| | **Тұрғын халық,суды пайдаланудың шекті көлемі бойынша, бекітілген тұтыну нормасына сәйкес** | **Теңге/ текше метр** | **41,41 теңге** |
| | **-Қызылорда қаласы** | **Теңге/ текше метр** | **29,27 теңге** |
| | **-Жаңақорған ауданы** | **Теңге/ текше метр** | **40,65 теңге** |
| | **-Шиелі ауданы** | **Теңге/ текше метр** | **74,65 теңге** |
| | **-Сырдария ауданы** | **Теңге/ текше метр** | **36,34 теңге** |
| | **-Жалағаш ауданы** | **Теңге/ текше метр** | **47,99 теңге** |
| | **-Қармақшы ауданы** | **Теңге/ текше метр** | **61,07 теңге** |

# БАҒДАРЛАМА




## ДҮЙСЕНБІ 2 желтоқсан

**Қазақстан-Қызылорда**
7.40 Үштаған 08.05 Менің Президентім 08.30 М/с 09.00 Балапан 09.55 «Балалық шағымның аспаны» к/ф. 11.40 «Үлкен саясаттағы риясыз кездесулер» 12.00 Блудные дети 13.00 Теміртау – жасампаз жылдар 13.30 «Аман болшы, ағайын!» А.Қоразбаев пен М.Беспаевтың шығармашылық кеші 18.00 Назарбаев Life 18.55 «Менің Президентім» 19.00 Блудные дети 20.00 Дені саудыңжаны сау 20.25 Кәнеки, тілім, сөйлеші! 20.50 Арнайы репортаж 21.00 «Казахстан-2050». Новая Стратегия развития» 21.15 «Наш Илья» 21.30 «Арманшыл жастық шағым» д/ф. 22.05 Т/с «Аспан аруы» 22.40 Х/ф «Песни Абая».

**ҚАЗАҚСТАН**
7.00 Таңшолпан 08.00, 9.30, 12.30, 17.30, 20.30, 00.00 Жаңалықтар. 09.40. Апта кз. 10.45 Айтуға оңай 11.25, 15.55 Шыңғыс хан 12.45 Қазақтың қолөнері 12.55 Дауа 13.25 Ақсауыт 13.55 Жанында жүр жақсы адам 14.25 Санжар мен Қайсар 14.55. Әйел бақыты 17.00 Менің Қазақстаным 17.50 Өзекжарды 18.10. Ұлттық өнім 18.30 Бірегей сардар 19.00. Заң және біз 19.30 Ауыл сақшысы 21.05 Айтуға оңай 21.50 Сұңқар 22.40 Келін 23.30 Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаевпен 00.35 Спорт 01.00 Көкпар.

**ХАБАР**
7.00 Жаңа күн. 09.00, 10.00 Жеті күн 11.00 Бармысың, бауырым? 11.50, 21.30 Возвращение 12.30 Ас-арқау 12.55 Подари детям жизнь 13.00, 15.00 Жаңалықтар 13.10 Назарбаев. Откровения 15.10 Сиқырлы саз 16.00 Битва умов 17.00 Жаңалықтар 17.15 Үлкен саясаттағы риясыз кездесулер 16.00 Битва умов 17.00 Жаңалықтар 18.00 Новости 18.15 XXI век: мегапроекты Н.Назарбаева 18.40 Сүйікті әндер 19.10 Біз 20.00 Жаңалықтар 20.30 Арнайы хабар 21.00 Новости 00.15 Тотальный футбол 01.45 Менің үшінші курстағы махаббатым.

**ЕЛ АРНА**
8.30, 18.00. Ән арна 9.25. Құрбылар 10.50 М.ф 11.05 Д.с. 11.40 Батальондар от құшуда 12.50, 22.10 Бажалар 13.30 Жарайсың 14.00 Дон И 15.10 10 поводов влюбиться 16.10 Әселдің құрбы-құрдастары 16.40 Әлемді жаулаған желі 17.10 Закрытая школа 19.00, 00.00 Жарайсың 19.30 Туған өлке 20.00 Сноски 20.20 Бәрі де мүмкін 21.00 Гу әулетінің шежіресі 22.45 Х/ф «Поэма о любви».

**КТК**
7.10. Үш Татьяна 9.20 Синие как море глаза 11.10. Другая правда 12.00. Портрет недели 13.05 Слуги народа 14.05 Выходной со звездой 14.45 Дорога домой 15.00 Баланың ісі – шала 15.20 Айша 17.30 Сұлу бойжеткен 19.10 Қайран заман! 20.30, 02.55 Жаңалықтар 21.00 Новости 21.45 Ключи от счастья 23.40 Рейдер 00.05 Глухарь 01.50 Предатель 03.00 Старый Новый год.

**ЕВРАЗИЯ бірінші арнасы**
